



СЕМЕЙТАНУ

№ 28 (19780) 10 сәуір, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

РЕСМИ САПАР

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АБАЙ ОБЛЫСЫНДА

«Семей орманы» резерватының орман өртіне қарсы дайындығын тексерді

Премьер-министр Олжас Бектенов Абай облысына жұмыс сапары барысында «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватында болып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ормандарды сақтау және қорғауда заманауи цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмаларының жүзеге асырылу барысын тексерді.

Резерват аумағында Премьер-министр орман және дала өрттерін ерте анықтауға арналған, ЖИ негізінде жұмыс істейтін жүйені пилоттық режимде енгізу нәтижелерін танысты. Аталған технология өрт ошақтарын алыс қашықтықтан және кезкелген ауа райы жағдайында анықтауға мүмкіндік береді.

Мұнда Премьер-министр Олжас Бектенов, экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов және Абай облысының әкімі Берік Уәлидің қатысуымен орман өртін қолдан ұйымдастырған оқу-жаттығу өткізілді. Резерват мамандары өрт сөндірушілермен бірігіп, цифрлық технологиялардың тиімділігін және өрт сөндіру қызметінің өзара әрекеттесу алгоритмін көрсетті.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұрлан Құрмалаев заманауи тепловизиондық және оптикалық камераларды пайдалана отырып, тәулік бойы бейнемониторинг кешендері ерт белгілерін бастапқы кезеңде автоматты түрде анықтайтынын баяндады. Өрт немесе түтін анықталған жағдайда жүйе Жедел басқару орталығына бірден сигнал жолдайды, бұл өрт ошақтарын жедел оқшаулауға және жоюға мүмкіндік береді. Орталық камералардан алынған кескіндерді нақты уақыт режимінде көрсетуге арналған бейне қабырғамен, сондай-ақ стационарлық радиостансамен жабдықталған. Мұндай орталықтар Абай облысының 7 ауданында орналасқан «Семей орманының» барлық 10 филиалында ашылған. Өртті ерте сөндіру жүйесі 100-ден астам сынақтан өткізілген. Қазіргі уақытта оны жетілдіру бойынша жұмыстар, оның ішінде алты метеостанция және құрғақ найзағай соғуын анықтауға мүмкіндік беретін найзағай бағытын анықтау стансамен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

Президент тапсырмасына сәйкес, өртті ерте анықтау технологиясы бүкіл еліміз бойынша кезең-кезеңімен кеңейтілуде. Ақмола облысындағы бес орман шаруашылығы мен Астана маңындағы екі қорыққа, сондай-ақ Қарқаралы және Баянауалы ұлттық паркілерінде жүйенің екі кезеңді енгізілуі туралы «Қазактелеком» АҚ цифрлық бизнес дивизионының бас директоры Бақтияр Қожахметов баяндады. Іле-Алатауы, Сайрам-Өгем ұлттық паркілерінде және «Көлсай көлдері» МҰТП-да жұмыстар аяқталуға жақын. Үшінші кезең Шығыс Қазақстан облысындағы 10 орман шаруашылығын және Қатонқарағай ұлттық паркі қамтиды. Осылайша, биылғы шілде айында еліміздің 24 табиғи паркі мен қорығының өрт қауіпі жоғары аймақтарын қамтуда аяқтау, қыркүйек айында барлық жүйені өнеркәсіп мақсатында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес біз орман қорын қорғаудың түбегейлі жаңа стандарттарын енгізіп жатырмыз. Орманды қалпына келтіріп қана қоймай, төтенше жағдайлардың алдын алуға да бағытталған жүйелі шаралар қамтылды. Президент айқындаған негізгі бағыттардың бірі – цифрландыруды енгізу. Өткен жылы резерватта 510 мың гектар аумақты қамтитын, 37 заманауи камерамен жабдықталған өртті ерте анықтау жүйесі енгізілді. Технологияларды тікелей патрульдеу шараларымен нығайту қажет. Бұл өте маңызды. Сондықтан өрт қауіпі жоғары кезеңде орман күзетінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, ол барлық қауіпті аймақтарды қамтуға тиіс. Жүргізіліп жатқан жұмыс «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының мақсат-міндеттеріне толық сәйкес келеді, оның шеңберінде біз табиғи ресурстарды сақтап қана қоймай, азаматтардың экологиялық мәдениетін де арттырамыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр жұмысты жеделдетуді және цифрлық технологияларды сапалы енгізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Краснокордон орманшылығының аумағын аралау барысында Олжас Бектенов Президенттің «Семей орманы» орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты.

«Семей орманы» МОТР бас директоры Қазбек Әметов соңғы екі жылда резерват паркі 100% заманауи техникамен жаңартылғанын хабарлады. Бүгінгі таңда оның тозу мәселесі толығымен шешілді, мәселен, 2023 жылы ол 85%-ды құрады. Тек өткен жылдың өзінде лизинг қаражаты есебінен 39 жаңа өрт сөндіру машинасы, 26 шағын өрт сөндіру кешені және аспалы жабдығы бар 10 трактор сатып алынды. Ықтимал өрттерді жедел анықтау және жою үшін кәсіпорынның қол астында 30 орман өрті станса-сы, «Қазавиаорманқорғау» РМҚК-ның үш тікұшағы, 82 өрт сөндіру автомобилі, 49



шағын орман патрульдік кешені, 187 трактор (оның ішінде 70-і өрт сөндіру үшін), 49 патрульдік машина және тағы да басқа техникалар бар.

Жалпы алғанда, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Қазақстанда өрте қарсы техникаларды жаңғырту жөніндегі ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруда. Бұл мақсаттарға 2024-2025 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттерден 21,5 млрд теңге бөлінді, нәтижесінде орман шаруашылықтарының ел бойынша жаңа техникамен қамтамасыз етілуі 87%-ға жетті. Орман шаруашылықтарына 92 өрт сөндіру машинасы, 118 шағын орман патрульдік кешені, 244 трактор, 240 патрульдік машина және 3 мыңнан астам басқа да техника мен жабдық сатып алынды. Лизинг қаражаты есебінен 1057 өрте қарсы техниканы сатып алуға 35 млрд теңге бөлінді, осы жылдың мамыр айының соңына дейін бүкіл еліміз бойынша бұл жұмыстарды толық аяқтау жоспарлануда.

Туристік әлеует: Президент тапсырмасының орындалу барысымен танысты

Премьер-министр Семей қаласы әкімшілік іскерлік орталығын дамыту жобаларымен және Алакөл жағалауын дамытудың кешенді жоспары таныстырылды.

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің туризм саласын дамыту аясында 2029 жылға дейін 49 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отырғанын, 2025 жылы Алакөл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға 1 млрд теңге бөлінгенін, бұл қаражат жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізуге, абадан-дыру мен көшелерді жөндеуге бағытталғанын айтты. 2026 жылы бұл мақсаттарға 10 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, сондай-ақ цифрлық шешімдерді енгізуге, оның ішінде бейнебақылау жүйелерін және орнықты мобильді интернет-қамтуды енгізуге бағытталады.

Туристік аймақты одан әрі дамыту мақсатында оның аумағын 300-ден 3 мың гектарға дейін ұлғайту және өткізу қабілетін тәулігіне 75 мың туристе дейін арттыру көзделген кешенді жоспарды түзету жұмыстары жүргізілуде. Түзетулер биылғы қыркүйек айына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ электр желілерін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін, көлік және коммуналдық инфрақұрылым нысандарын салу жобалары қамтылған.

2025 жылы облыста туризмді дамыту бойынша жалпы сомасы 8,9 млрд теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылды.

Премьер-министр әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуды, туризмді дамытуды және инвестициялық тартымдылықты арттыруға қоса алғанда, облыстың кешенді дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Жалпы алғанда, республика бойынша туристік инфрақұрылымдар, оның ішінде келушілерді орналастыру нысандарын жаңғырту және көлікке қолжетімділікті жақсарту қарқынды дамып келеді. Қабылданып жатқан шаралардың арқасында 2025 жылдың қорытындысы бойынша сала өсім көрсетіп отыр, мәселен, ішкі туристер саны 9,1-ден 10,1 млн-ға дейін,

шетелдік туристер саны 1,3-тен 1,4 млн-ға дейін ұлғайды. Келушілерді орналастыру нысандарының кірістері 350,6 млрд теңгені құрады, ал инвестициялар көлемі 32,6%-ға өсіп, 1,26 трлн теңгеге жетті.

Осы ретте Семей қаласында Әкімшілік іскерлік орталығы (ӘІО) жобасын жүзеге асыру көзделген. Аумақтың жалпы ауданы 1 мың гектардан асады. Жоба аясында әлеуметтік және іскерлік инфрақұрылымы дамыған жаңа заманауи тұрғын үй ауданын құру жоспарлануда. 2026-2029 жылдар аралығында жалпы ауданы 3 млн шаршы метрден асатын 75 мың адамға арналған тұрғын үй кешендерін, сондай-ақ 17 мектеп пен балабақшаны қоса алғанда, 40-тан астам әлеуметтік, коммерциялық және әкімшілік мақсаттағы нысандарды салу қарастырылған.

Олжас Бектенов қала құрылысына қатысты шешімдердің сапасын қамтамасыз ету және облыс әкімдігі тарапынан кешенді жоспарды жүзеге асыруды тиімді үйлестіруге қажеттігін атап өтті.

Төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штаб отырысын өткізді

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Абай облысына жұмыс сапары барысында Төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штабтың отырысын өткізді. Жынында 2026 жылғы өрт қауіпі жоғары кезеңге дайындық мәселелері қаралды.

«Өрт қауіпі бар кезең болса енді ғана басталып жатыр. Бірқатар өңірде табиғи қорықтар мен орман шаруашылықтарының аумағы жанды. Далалы жерлерде де өрт ошақтары күн сайын тіркеледі. Даладан басталған қызыл жалын орман қорына ауысуы мүмкін. Өрттер флора мен фаунаға айтарлықтай зиян келтіреді. Барлық қызметтер жедел әрекет етуге дайын болуы керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өз кезегінде экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Мәлік Олжабеков жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сондай-ақ Абай, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Павлодар облыстары әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың мәлімдеуінше, жыл басынан бері еліміздің орман алқаптарында жалпы ауданы 794 гектардан асатын 36 өрт тіркелген. «Қазгидромет» болжамына сәйкес, 2026 жылдың көктем-жаз маусымы қалыпты көрсеткіштен 1-2 градусқа жоғары болады деп күтілуде. Сәуір айының екінші жартысында оңтүстік және батыс өңірлерде ауа температурасы +25...+35°С-қа дейін көтерілуі мүмкін. Осыған байланысты табиғи өрттер қаупін азайту жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспары жүзеге асырылып, орман және табиғатты қорғау мекемелері техникалық жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар өрт қауіпі анағұрлым жоғары аумақтарда тілсіз жауды ерте анықтау жүйелері енгізілуде.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов табиғи өрттерге жедел әрекет етуге арналған күштер мен құралдардың дайындығы туралы баяндады. Ел бойынша 50 мыңнан астам жеке құрам және 11 мыңға жуық техника дайындыққа қойылды. Бұған қоса, Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағында 5 мыңнан ас-

там қызметкер, 853 техника, 26 әуе кемесі және 218 ұшқышсыз ұшу аппараты бар.

Жедел әрекет ету тиімділігін арттыру үшін шекаралас мемлекеттермен өзара әрекеттесуді ескере отырып, іс-қимыл алгоритмі жаңартылды. Өрт жағдайына цифрлық және ғарыштық жүйелер арқылы тәулік бойы мониторинг жүргізіледі, бұл күштерді басқаруды орталықтандыруға және шешім қабылдау уақытын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Еліміздің әрбір өңірінде авиациялық бөлімшелер құрылып, тәуекелі жоғары орман аймақтарында тәулік бойы жерүсті және әуе патрульдеуі ұйымдастырылған. «Ауыл құтқарушылары» желісін дамыту ісі жалғасуда: бүгінде 167 өрт сөндіру бекеті жұмыс істеп тұр, олардың санын 700-ге дейін арттыру жоспарлануда. Сонымен қатар күштер мен құралдардың республикалық тобы бекітілді. Мамыр айында Қостанай облысында «Өрт-2026» трансшекаралық өрттерді жою бойынша оқу-жаттығуларын өткізу жоспарланған.

Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Мәлік Олжабеков ақпараттық жүйелердің өртті модельдеуге дайын екенін мәлімдеді. Атап айтқанда, қауіпті болжау және өрттің таралуын модельдеуге мүмкіндік беретін метеопутниктік деректер негізінде Тасқұл жүйесінде өрт қауіптілік кластары мен индекстерінің картасы іске қосылды. Өңір әкімдері қазіргі ахуал және өрт қауіпі жоғары кезеңге дайындық барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, Абай облысының әкімі Берік Уәли алдын алу шараларын және патрульдеуді күшейту, ерте анықтау және ғарыштық мониторинг жүйесін енгізу, материалдық-техникалық базаны нығайту, өрт сөндіру бекеттері желісін дамыту және күштер мен құралдарды даярлау, оқу-жаттығулар өткізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Жыл басынан бері облыста тіркелген 2 орман өрті ешқандай зардапсыз жойылған.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрymbет Сақтағанов өңірдің өрт қауіпі жоғары кезеңге толық дайын екенін атап өтті. Күштер мен құралдар жасақталып, техника жарактандыру күшейтілді, әуе патрульдеуі жүргізілуде, өртті ерте анықтау жүйелері енгізіліп, оның ішінде қолжетімділігі қиын аумақтар үшін мобильді топтар құрылды.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов өңірдегі жағдайдың тұрақты екенін, өрт деректері тіркелмегенін айтты. Сондай-ақ азаматтық қорғау күштері қалыптастырылып, 1,2 мыңнан астам адам мен 600-ден астам техника жандандырылды. Өрт сөндіру бекеттерінің желісі кеңейтіліп, алдын алу шараларын қаржыландыру ұлғайтылды. Сонымен қатар техника жаңартылып, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалана отырып, өртті ерте анықтау жүйелері енгізілуде.

Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов жыл басынан бері табиғи өрт оқиғалары тіркелмегенін хабарлады. Профилактика жұмыстары тұрақты жүргізілуде, күш-құралдарды дайындау жалғасуда. Бұл мақсатқа 3,2 мың адам, 1,1 мың техника мен басқа да жабдықтар жұмылдырылған. Әсіресе, орман өрттерінің алдын алуға ерекше назар аударылып отыр. Осы жұмыстар аясында былтыр Бүлікөл ауданында бақылау мұнарасы орнатылды, тағы да 20 нысанғын құрылысын салу жоспарлануда. 2028 жылдың соңына қарай орман мекемелерін өрт-бақылау мұнараларымен жарактандыру деңгейі 100%-ға дейін жеткізілетін болады.

Павлодар облысының әкімі Асаи Байханов материалдық-техникалық базаны нығайту, техника сатып алу, дербес өрт сөндіру үшін мобильді топ құру жұмыстары туралы хабардар етті. Бұдан басқа, тәулік бойы бейнемониторинг қамтамасыз етілді, өрт сөндіру бекеттерінің желісі дамуда, Ми-8 тікұшағымен және «Қазавиаорманқорғау» бортымен әуеден шолу жоспарланған.

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев орман және дала өңірлерінде профилактикалық жұмыстарды күшейтудің маңыздылығын атап өтті. Әкімдіктерден қорғаныс белдеулерін құру, аумақтарды тазалауды жеделдету, техниканы дайындыққа келтіру, ауыл шаруашылығы жабдықтарында ұшқын сөндіргіштердің бар-жоғын тексеру және су көздерін дайындау талап етілетінін атап өтті.

Премьер-министр өрт қауіпін азайту жөніндегі республикалық және өңірлік іс-шаралар жоспарларын сапалы жүзеге асыру қажеттігіне назар аударды.

ТЖМ деректері бойынша бұл жұмыс Жамбыл, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жетісу облыстарын қоса алғанда, бірқатар өңірде тиісті деңгейде жүргізілмейді. Сондай-ақ, Алматы, Батыс Қазақстан, Түркістан, Атырау облыстарында аумақтарды тазарту аяқталған жоқ, бұл елді мекендерге тікелей қауіп төндірді. Экология министрлігінің мәліметінше, өрт қауіпті маусымға дайындықтың төмен деңгейі Ақтөбе және Қызылорда облыстарында байқалып отыр.

Олжас Бектенов әкімдердің алдына осы жұмысты жандандыру жөнінде міндет қойып, проблемалық мәселелерді шешуді тікелей бақылауына алуды тапсырды.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен ведомстволарға бірқатар тапсырма берді.



• Экология министрлігі – өңірлерді авиатрульдеумен толыққанды қамтамасыз етсін. Өрт қауіпі жоғары кезеңде тікұшақтардың кезекшілігіне қатысты келісімшарт жасауды тездету керек. Әуе кемелері су шашатын құрылғылармен жабдықталып, орман қорына жақын маңда шоғырлануға тиіс. Сондай-ақ өрттің пайда болу қауіпі жоғары жерлерде қосымша бақылау бекеттері орналастырылсын. Ормандар мен даланы аэровизуалды шолу зерттеу үшін пилотсыз аппараттарды белсенді пайдалану қажет. Төтенше жағдайлар министрлігі өздерінің әуе кемелерін жұмылдыруы керек. Сонымен қатар Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің авиациялық бөлімшелері де әуеден бақылау және өрт сөндіру жұмыстарына тартылып, өңірлер бойынша тікұшақтардың орналасуы қамтамасыз етілсін.

• Төтенше жағдайлар министрлігі Экология министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірге табиғи өрттерге қарсы әрекет ету жөнінде республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шараларын ұйымдастырып, өткізсін. Оқу-жаттығу барысында трансшекаралық өрттерді сөндіру және көрші мемлекеттердің қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау мәселелерін пысықтау қажет. Сондай-ақ оқу-жаттығуға «Ауыл құтқарушылары» өрт сөндіру бекеттерін де тарту керек. Қазіргі таңда олар барлық өңірлерде белсенді түрде құрылып жатыр. Біз бұл бағытта жұмысты одан әрі жалғастырып, табиғи өрттерді сөндіру кезінде олардың әлеуетін пайдалануымыз керек. Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің ахуалдық орталығында өрт қауіпі жоғары кезеңде мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен құралған жедел штаб құру қажет. Штаб жұмысы аясында өңірлердегі өрт жағдайын тәулік бойы бақылауды қамтамасыз ету керек.

• Экология министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, табиғатты қорғау және орман мекемелерін одан әрі жарактандыру жұмыстарын жалғастырсын. Әкімдіктермен, Жасанды интеллект министрлігімен және «Қазактелеком» компаниясымен бірлесіп, өрттерді ерте анықтау жүйелерімен қамту аясын кеңейтіп, олардың «Семей орманы» резерватының аумағында да жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет.

• Жасанды интеллект министрлігі өрттерді болжау және сөндіру алгоритмдері үшін қолданыстағы ақпараттық жүйелердің өзіндік қамтамасыз етісін. Бұл орайда жерді қауіптен зондтау деректерін пайдалану қажет. Болжау нәтижелерін әкімдіктерге және тиісті мемлекеттік органдарға жеткізу керек.

• Әкімдіктер елді мекендерде ерікті өрте қарсы құрылымдарды ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырсын. Сондай-ақ өңірлерде әуе кемелерін тарту үшін жанар-жағармай материалдарының қажетті қорларын қамтамасыз еткен жөн. Өрт сөндіру көліктері мен тікұшақтар су алу үшін қажетті су көздерін дайындау керек. Осы ұйымдастыру мәселелерінің барлығын 20-шы сәуірге дейін шешу қажет.

• ІІМ – өрт қауіпі жоғары кезеңде ормандарда азаматтардың демалуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын. Рейдтер мен патрульдеу кестесін жасаңыздар. Өрт қауіпсіздігі таластарын бұзушылардың барлығын жауапкершілікке тарту қажет.

• Төтенше жағдайлар, Экология, Мәдениет және ақпарат министрліктері мен әкімдіктер өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау мәселесі бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуге тиіс.

Тапсырмалардың орындалуын үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевқа жүктелді. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Абай облысына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы қойған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту, өңдеу өнеркәсібі кеңейту, жаңа жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру тапсырмаларының орындалуы барысымен танысты.

Сапар аясында Премьер-министр Семей қаласындағы бірқатар өндіріс орындары мен әлеуметтік нысандарды аралады. Атап айтқанда, «Агролидер KAZ» ЖШС-нің қайта өңдеу зауыты, «Qazaq-ASTU Group» ЖШС-нің май экстракциялау кешені және «Техноавиа-Қазақстан» ЖШС тігін фабрикасында болды. Бұл кәсіпорындарда заманауи технологиялар енгізіліп, өндіріс көлемі ұлғайып, жүздеген жұмыс орны құрылған.

Премьер-министр аталған жобалардың агроөнеркәсіп кешеніндегі қосылған құны жоғары өнім үлесін арттырудағы маңызын атап өтті. Сонымен қатар, кәсіпорындардың экспорттық әлеуеті кеңейіп, импортты алмастыру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Әлеуметтік инфрақұрылымы аясында Семей қаласындағы жаңа Оқушылар сарайының дайындығы тексерілді. Заманауи орталық балалардың ғылыми, шығармашылық және спорттық бағытта дамуына мүмкіндік береді.

Сапар қорытындысы бойынша Олжас Бектенов жобаларды уақтылы іске асыруды, қосылған құны жоғары өнім шығаруды ұлғайтуды, жаңа жұмыс орындарын құруды және өткізу нарықтарын одан әрі кеңейтуді тапсырды.



АЙДЫ АЙНАЛЫП ӨТТИ

NASA-ның Artemis II миссиясы аясында астронавтар адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қашықтыққа ұшып, Айды айналып өтіп, Жерге қайту бағытына түсті.

Экипаж Айдың арғы бетіне дейін жетіп, бұған дейін адам көзі көрмеген көріністерді тамашалады. Бұл – Apollo program дәуірінен кейінгі NASA-ның Айға қайта оралуындағы алғашқы маңызды қадам. Экипаж толық күн тұтылуын бақылап, сонымен қатар Меркурий, Венера, Марс және Сатурн планеталарын ашық ғарыштан тамашалады.

Artemis II миссиясы тағы бір тарихи рекорд орнатты. NASA-ның «Орион» капсуласы Жерден 406 771 шақырым қашықтыққа дейін жетіп, Apollo 13 миссиясының рекордын жаңартты.

Миссия шамамен 10 күнге созылып, Тынық мұхитына қонуымен аяқталады.

baq.kz

САУДА АЙНАЛЫМЫ АРТАДЫ

ҚР Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев Баку қаласына сапары аясында Әзербайжан президенті Ильхам Әлиевпен және елдің Сыртқы саяси ведомствосының басшысы Джейхун Байрамовпен кездесті.

Кездесу барысында Ильхам Әлиев перспективалы жобаларды жүзеге асыру және өнеркәсіптік кооперацияны дамыту үшін 300 млн долларлық бірлескен инвестициялық қор қызметін жандандыру қажеттігін атап өтті.

Әзербайжан сыртқы істер министрі Джейхун Байрамов екі жақты ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атап өтіп, сауда айналымын 1 млрд долларға жеткізу нақты мақсат екенін айтты.

Тараптар нақты теңіздік мәртебесін қоса алғанда негізгі аймақтық мәселелер бойынша ортақ ұстанымдарын растады.

kaz.inform.kz

ШЕКАРАНЫ РОБОТ БАҚЫЛАЙДЫ

Адам бейнесіндегі роботтардың қимылы ширап келеді. Қытай мен Вьетнам шекарасындағы біраз қызметті осылар атқарады. Walker S2 роботы шекарадағы адам ағынын бақылайды, тексеру және қарау рәсімдеріне қатысады. Сондай-ақ өткізу бекеттеріндегі логистикалық жұмыстарға көмектеседі. Бірақ роботтар өздігінен жүрмейді. Бұларды әзірге басқару мен бақылау адамның құзырында.

Қытай осыған дейін әуежайлар мен кеден бекеттерінде гуманоид роботтарды сынақтан өткізді. Бірақ шекарадағы жұмыс әлдеқайда күрделі.

Қытай – Вьетнам шекарасындағы жоба – әзірге пилоттық бастан. Сынақ сәтті өтсе, кеденде роботтар көбейеді.

24.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Грекия 2027 жылдан бастап 15 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерге кіруіне тыйым салады.

Грекияның премьер-министрі Кириакос Мицотакис айтқанына, мұны жасөспірімдер арасындағы мазасыздықтар артуына, ұйық проблемаларына және әлеуметтік желілерге тәуелділікке байланысты жасаған.

Грекия парламенті тиісті заңды 2026 жылдың ортасында қабылдайды деп күтілуде. 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап платформалар 15 жасқа толмаған пайдаланушыларды бұғаттауы керек болады. Әйтпесе олар ЕО сандық қызметтер туралы заңына сәйкес айыппұл арқалауы мүмкін.

Stan.kz

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ: ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Қырғызстан астанасы Бішкекте әйелдер күресінен Азия чемпионатының іріктеу кезеңі басталған болатын. Ұлттық құрама сапында 50 келі салмақта бақ сынап отырған Марал Тәңірбергін Тайпей спортшысынан басым түсіп, жартылай финалға жолдама алды. Сонымен қатар аса ауыр салмақтағы Гүлмарал Еркебаева үндістандық Кжал Кжалды жеңіп, келесі айналымға шықты.

Маралдың қарсыласы – Токио Олимпиадасының чемпионы, бірнеше дүркін әлем чемпионы Юи Сусак (Жапония). Ал Гүлмаралдың қарсыласы әзірге белгісіз.

8 сәуір күні бозкілемге шыққан 59 келі салмақтағы Виктория Хусаинова мен -55 келі салмақтағы Шүғыла Әмірбек үндістандық палуаннан, ал Елена Шалыгина алғашқы белдесуінде жапониялық Мива Морикавадан жеңіліп қалды.

Stan.kz

ҚЫТАЙДЫҢ ҚАРЫЗЫ ТАРИХИ МЕЖЕДЕН ӨТТИ

Қытайдың мемлекеттік қарызы алғаш рет Еуропалық одақтың жиынтық қарызынан асып түсті. Бұл жаһандық қарыз құрылымындағы елеулі өзгерісті көрсетеді. Naked Science басшылығының жауынаша, 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін АҚШ, Қытай және Еуропа әртүрлі экономикалық бағытта дамыды. Еуропа қарыз өсімін салыстырмалы түрде шектеулі деңгейде ұстап тұрса, АҚШ пен Қытай, керісінше, оны жылдам қарқынмен арттырды.

2025 жылға қарай Қытайдың мемлекеттік қарызы 18,7 трлн долларға жетіп, алғаш рет ЕО-ның 17,6 трлн долларлық көрсеткішінен асты. Бұл өзгеріс соңғы жиырма жылда Қытайдың қарызы қаншалықты жылдам өскенін айқын көрсетеді.

Осындай қарқынның арқасында ол жиырма жылға жетпейтін уақыт ішінде ЕО-ны басып озды.

Zakon.kz

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

Мемлекетіміздің дамуы білім беру ісі мен ғылым саласының өркендеуіне тікелей байланысты. Ғылым – мемлекеттің басты стратегиялық активтерінің бірі. Ал оны дамыту, әріне, жас ұрпақтың еншісінде. Бүгінде елімізде білімге құштар, ғылымға ден қойған, Отаны үшін қызмет етуді мақсат еткен жастар аз емес.



ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІНДЕ

Еліміз ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нәтижесінде ғылым мен инновация саласындағы әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр.

Қазақстандағы іргелі оқу орындардың бірі Шәкәрім университеті, білімді, бәсекеге қабілетті, басқару менеджментін меңгерген мамандарды даярлаумен қатар, ғылымның дамуына үлес қоса алатын жас ғалымдарды қалыптастырып келеді. Ғылыми кадрлар магистратура мен докторантураға ғана емес, постдокторантура деңгейінде де даярланады. Бүгінде университетте ғылымның түрлі бағыттары бойынша еңбек етіп жүрген 14 постдокторант отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосуда. Атап айтқанда, «Жаратылыстану ғылымдары» бағыты бойынша PhD доктор, постдокторант Алтын Төлеубай 2024–2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы аясында гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы атанды. Оның «Тербелмелі шекарасы бар перфорацияланған облыстағы Гинзбург–Ландау кешенді теңдеуінің аттракторларының асимптотикасы туралы» тақырыбындағы ғылыми жобасы «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты шеңберінде жүзеге асырылып, математиканың іргелі мәселелерін шешуге бағытталған. Зерттеу барысында Алтын Төлеубай Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «Математика және математикалық модельдеу» институтының және М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің жетекші ғалымдарымен байланыс орнатып отыр. Сонымен қатар 2025 жылы өткен 15th ISAAC Congress халықаралық конференциясында Travel Grant иегері атанып, 500 АҚШ доллары көлемінде грант жеңіп алды. Бұл зерттеу еңбегі арқылы жас ғалым отандық және әлемдік математиканың дамуына үлес қосты.

PhD, постдокторант Шәкәрім Қапанның «Таза биогаз өндірісінің тиімділігін болжаудың математикалық моделі мен аналитикалық жүйесін әзірлеу» атты ғылыми жобасы да өзектілігін ерекшеленді. Өнеркәсіпке бейімделген анаэробты ашыту үдерісінің математикалық моделін жасау биоэнергетика саласындағы маңызды ғылыми мәселелерді шешуге жол ашады. Корреляциялық-регрессиялық талдау мен кең параметрлік базаны қолдану ұсынылған модельдің нақтылығы мен ембепантығын арттыра түседі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың цифрландыру мен жасанды интеллекттің түрлі салаға енгізу жөніндегі тапсырмасы университет ғалымдарының зерттеу жұмыстарында нақты көрініс табуда. Биогаз қондырғыларының параметрлерін болжауға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу экологиялық және энергетикалық сын-қатерлерді еңсеруге бағытталған жаңа идеялар мен тәсілдерді ұсынады. Шәкәрім Қапан зерттеу жұмысын Ресейдің Кереметов мемлекеттік университетінің, Өзбекстанның Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің

ғалымдарымен бірлесіп жүргізеді. Ол Испанияның Валенсия қаласында өткен «Биоотын және биоэнергетика бойынша 2-ші Жаһандық конференция» атты халықаралық Scopus конференциясында баяндама жасап, университеттің ғылыми әлеуетін өлшемге танытты.

Гуманитарлық ғылымдар саласында да тың зерттеулер жүргізілуде. Постдокторант З.Керімханның еңбектері Алаш ұлт-азаттық қозғалысы кезеңіндегі тарихи-әлеуметтік шындықты терең зерделеуге бағытталған. Ал Ұшкын Сәйдірашманың қазақ эмиграциялық баспасөзіне арналған «Қазақ эмиграциялық баспасөзінің интеллектуалды дискурсы» қалыптастырудағы рөлі» атты ғылыми жобасы ұлттық идеяның тарихи сабақтастығын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы саласына қатысты ғылыми жобалар да ерекше маңызға ие. Университет ғалымдарының еңбектері цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға негізделген.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде ғылымның қосатын үлесі өте зор. Осы орайда университетіміздің жас ғалымдары мен постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары ерекше назар аударды. PhD Д.Мұратбаев өзінің ғылыми жобасы барысында сиыр мен қойды қолдан ұрықтандыруда қолданылатын технологияларды жетілдіруге бағытталған зерттеулер жүргізуде. Зерттеу барысында цифрлық және медициналық технологиялармен жұмыс істейтін инновациялық құрылым жасалмақ. Бұл құрал ветеринарлар мен ауыл шаруашылығы мамандарына мал басын көбейту шараларын тиімді әрі жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Мал ауруларының шаруашылыққа тигізетін орасан зор зияны енімділіктің төмендеуіне және экономикалық шығынға әкеледі. Осы салаға бағытталған зерттеулердің бірі – PhD А.Ахметжанованың ғылыми жобасы. Жануарлар арасындағы инвазиялық ауруларға қарсы күрес шараларының нәтижелілігі терең ғылыми зерттеу жұмыстарына байланысты. Мал ағзасында бір уақытта бірнеше ауру қоздырғыштары, оның ішінде гелиминттер мен паразиттер тіршілік етеді, олардың адам өміріне тигізетін зияны да айтарлықтай. Сонымен қатар дала жануарлары – киіктердің гелиминттік ауруларын емдеу және олардың басқа жануарлар арасында таралмауы қамтамасыз ететін инновациялық ветеринариялық алдын алу шараларын әзірлеу – PhD А.Қожаеваның ғылыми жобасының негізгі бағыты.

Ет өнімдері тұтынушылар арасында үлкен сұранысқа ие екені белгілі. Алайда құрамында қанбаққан май қышқылдары мен холестерині көп шұжықтар, жартылай ет фабрикалары сияқты өнімдерді көп мөлшерде тұтыну семіздік пен жүрек-қан тамыр ауруларының өршуіне әкеліп соғуда. Осы орайда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының жеңімпазы PhD Б.Идырышев ғылыми жобасы аясында ет өнімдеріндегі май қышқылдары қатынасын реттей отырып, олардың дәмін сақтай-

тын май алмастырғыш – эмульсиялық гель әзірлеумен айналысуда. Б.Идырышев эмульсиялық гелдің негізгі шикізаты ретінде Абай облысында өсетін балқарағай өнімдерін пайдаланбақ. Себебі, еліміздегі Сібір балқарағай орманы кең аумақты алып жатса да, балқарағай жаңғағының сапалық көрсеткіштері толық зерттелмеген, өңдейтін өндірістер аз, сондықтан көбіне шикізат күйінде сатылады. Балқарағай жаңғағының дәнегі биологиялық белсенді заттарға бай және май құрамының көп бөлігі полиқанықпаған май қышқылдарына тиесілі.

Қазақстанда органикалық ет өндірісіне деген қызығушылық артып келеді, алайда фермерлердің бұл жүйеге көшуіне есер ететін факторлар әлі толық зерттелмеген. Сол себепті фермерлердің органикалық өндіріске дайындық деңгейін анықтау және осы салаға жастарды тарту өзекті мәселе болып отыр. Мұндай маңызды мәселені шешімін PhD Е.Дулатбай «Қазақстанда органикалық етті мал шаруашылығына өтуге фермерлердің дайындығы мен мінез-құлық аспектілерін зерттеу» атты ғылыми жобасы аясында қарастырып, жан-жақты зерттеуде.

Отандық ауыл шаруашылығы техникасын дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және климаттық ерекшеліктерге бейімделген жаңа технологияларды енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Осы бағытта, шөлейт аймақтарда картоп өсіру мәселесімен, Шәкәрім университетінің Science профессоры, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының жеңімпазы Әділет Сүгірбай айналысуда. Оның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ауыл шаруашылығында су ресурсын тиімді пайдалану мақсатында инновациялық құрылғылар мен жасанды интеллекті кеңінен қолданылмақ.

Еліміздегі тамақ өнеркәсібін дамытудың басты бағыттарының бірі – май өндірісі. Қазіргі уақытта елімізде май өнеркәсібі қарқынды дамып келеді. Ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында май дақылдарын егу алаңын кеңейту және өнімділікті арттыру көзделіп отыр. Бұл шаралар май өндірісін тиімді дамытуға бағытталған, себебі әлемдік нарықта май және ақуызды өнімдерге сұраныс артып келеді. Қазақстанның органикалық май өнімдері Орталық Азия, Еуропа, Ресей және Қытай елдерінде жоғары бағаланады. Осындай өзекті мәселені шешуге үлес қосу мақсатында PhD М.Мұрсалықова май өндіру тиімділігін арттыруға арналған пресс жабдығын жетілдірудің жаңа әдістерін іздеп отыр.

PhD А.Мұратбаев органикалық белсенді қоспалары бар сүт өнімдерінің тағамдық қауіпсіздігін бағалау және технологиясын әзірлеудің ғылыми-практикалық негіздері» атты ғылыми жобасы аясында азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттырудың жаңа әдістерін зерттеумен айналысып жүр.

Бүгінгі таңда табиғи сүт өнімдерін тұтыну ерекше маңызды болып отыр. Елдегі сүт өнеркәсібінің да-

муы ауыл шаруашылығы саласында сапалы өсуге жаңа мүмкіндіктер беріп, инновациялық тәсілдерді енгізуге жол ашады. Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі – дұрыс тамақтануды қамтамасыз етудегі мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі. Дұрыс таңдалған өнімдер ағзаның иммундық жүйесін нығайтып, денсаулықты сақтауға ықпал етеді. Осы мақсатта сүт өнімдеріне қосылатын қоспалардың биологиялық белсенді қоспалардың тиімділігін арттыру арқылы олар ағзаға жақсы сіңіп, иммунитетті күшейтеді.

Ұлттық сүт өнімдерін өндіру технологиясы Қазақстан нарығында өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Ш.Жақұпбекованың ғылыми жобасында күрт өндірісте сүт шикізатына жылқы майын қолдану ұсынылады. Бұл тәсіл жоғары қоректік және емдік қасиеттері бар инновациялық өнімдер әзірлеуге мүмкіндік беріп, тамақтану саласын жақсартуға да оң ықпал етеді.

Құрылыс саласында адам қауіпсіздігі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өрбір нысанның сенімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету – тек құрылысшылардың ғана емес, жалпы қоғамның да жауапкершілігі. PhD А.Бұранбаева осы маңызды мәселені шешуге бағытталған инновациялық жобаны жүзеге асыруда. Ол талшықты-оптикалық сенсорларды қолданып, құрылыс іргетасының жағдайын нақты уақыт режимінде бақылайтын жүйе жасап отыр. Бұл жүйе нысанның қауіпсіздігін үнемі бақылауға және мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Нысандардың қауіпсіздігін бақылау мен мониторинг жүргізу қазіргі уақытта мемлекет бюджетіне айтарлықтай салмақ түсіреді. А.Бұранбаеваның жобасы бұл жағдайды түбегейлі өзгерте алады. Оның ғылыми жобасы мемлекет шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл – құрылыс саласындағы қауіпсіздікті арттыру қана қоймай, экономикалық тиімділікті де қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Осындай ғылыми-зерттеу жұмыстары университеттегі заманауи инфрақұрылымдардың көмегімен жүргізіледі. Мысалы, агротехнопарк, агробиологиялық «Агроөнеркәсіп кешенінің өнімдерін валоризациялау» ғылыми-тәжірибелік орталығы, Рухани даму кеңістігі, Сандық дағдылар кабинеті, Жылтыру және салқындату зертханасы қызмет атқарады. Зерттеу нәтижелері халықаралық белгілі журналдарда жарияланып, еліміздің ғылыми әлеуетін өлшемге танытады.

Академик Қаныш Сәтбаевтың «Өз еліміз өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады» деген өсиеті Шәкәрім университеті жас ғалымдарының ғылым жолындағы бағытын айқындайды.

**Ж.ҚАЛИБЕКҚЫЗЫ,
Шәкәрім университетінің
проректоры**

ЖАҢАСЕМЕЙ

АУДАН ДАМУЫНДА ӨСІМ БАР

Жаңасемей ауданының әкімі Нұржан Әбдікәрімов БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Жиын барысында Нұржан Оразбекұлы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндап, БАҚ өкілдерінің қойған сауалдарына жауап берді.

**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»**

Аудан экономикасының негізгі салаларының бірі - ауыл шаруашылығы. Қазіргі таңда ірі қара мал саны 65 748 басқа (оның ішінде 7 900 асыл тұқымды), ұсақ мал 85 891 басқа (9 200 асыл тұқымды) жеткен. Сондай-ақ 67 016 жылқы (2 356-сы - асыл тұқымды) 684 878 құс және 33 бас шошақ өсірілуде.

Ауданда 455 шаруа қожалығы бар, оның 41-і асыл тұқымды мал өсірумен айналысады.

Аудан басшысы тұрғындарды баспамен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.


Қазіргі таңда ауданның тұрғын үй қорында 110 пәтер бар. Тұрғындарды баспамен қамту мәселесі кезең-кезеңімен шешіледі.

Өткен жылдың басында 45 пәтер тұрғындарға берілді. Биыл «Отбасы банк» АҚ-мен келісім аясында тағы 14 пәтердің кілті табысталды. Қалған 51 пәтер «Отбасы банкіне» өткізіліп, бүгінгі күні тұрғындарға бөлу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтардағы отбасыларды қолдау мақсатында жаңа үйлер салуды жоспарлап отырмыз. Биыл 2 пәтерлі 10 тұрғын үй салынады, – деп атап өтті Нұржан Әбдікәрімов.

Ауданда ауыз су жүйесі кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр. Аудан әкімінің айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар Мемлекет басшысының елді мекендерді толық ауыз сумен қамту жөніндегі тапсырмасы аясында жүргізіліп жатыр. Бүгінде елді мекендердің 59,4 пайызы таза сумен қамтамасыз етілген.

Өткен жылы Алғабас, Ақбұлақ, Половинки, Гранитный ауылдары мен Шаған кентінде су құбыры желілерінің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілген. Нәтижесінде тұрғындар орталықтандырылған ауыз суға қосылды.

Талица ауылында су желілерінің құрылысы толық аяқталды, бүгінгі күні іске қосу жұмыстары жүріп жатыр. Ал Приречный елді мекенінде су желілерін жаңарту жобасы келесі жылға өтпелі



болып белгіленді. Сонымен қатар Шақаман ауылындағы су құбырын жаңарту жобасы бойынша құжаттарға түзету енгізіліп, сараптамаға жіберілді, – деді Нұржан Әбдікәрімов.

Аудан басшысының айтуынша, өңірде инфрақұрылымды жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табуда. Көшелер жарықтандырылып, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Қазіргі таңда ауданда көшелерді жарықтандыру деңгейі 46 пайыздан асқан. Биылтыр 190 көшенің 88-і жарықтандырылып, тұрғындар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілген.

Приречное ауылында 2 көшеге 30 бағана, Мұқыр ауылында 2 көшеге 33 бағана орнатылды. Қайнар ауылында 5 көшедегі 160 шам жаңартылды. Талица ауылында 6 көшеге 18 жарық шамы қойылып, Половинки ауылында 2 көшеге 4 жарық шамы орнатылды, – деді аудан әкімі.

Алдағы уақытта жарықтандыру деңгейін 50 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. Осы мақсатта Талица, Алғабас, Ақбұлақ, Абыралы, Гранитный, Шаған және Шүлбі кенттерінде 7 көшеге жарық орнатылады.

Ауданда абаттандыру жұмыстары да қатар жүргізіліп келеді.

Половинки ауылында балалар ойын алаңының төсемі демеушілер есебінен жаңартыл-

ды. Озерки ауылында ерекше балаларға арналған ойын алаңы салынды. Сонымен қатар Шүлбі, Шаған кенттері мен Қайнар ауылында бейнебақылау камераларын орнату жоспарланып отыр. Талица, Половинки, Каштак және Озерки ауылдарында 15 жол белгісі қойылды, – деді Нұржан Әбдікәрімов.

Аудан әкімі инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі туралы да айтып өтті. Қайнар ауылында өрт сөндіру бекеті салынса, Бөкенші ауылында техника қойға арналған жылы бокс құрылысы

аяқталып, құжаттары рәсімделіп жатыр. Жаңасемей ауданы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, білім, медицина және инфрақұрылым салаларында тұрақты даму динамикасын көрсетіп отыр. Өнеркәсіп өндірісі 59 пайызға өсіп, инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

Жиын соңында аудан әкімі алдағы кезеңде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін одан әрі жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жалғасатынын атап өтті.

Еске сала кетсек, Жаңасемей ауданының жалпы аумағы 2 754 мың гектарды құрайды. Солтүстігінде Бесқарағай, Бородулиха аудандарымен және Семей қаласымен, шығысында Жарма, Абай аудандарымен, батысында Павлодар облысының Май ауданымен, ал оңтүстігінде Аягөз ауданымен шектеседі. Құрамында 12 ауылдық округ, 2 кент, 32 елді мекен бар. Бүгінде ауданда 19 мыңнан астам адам тұрады.

Ауданда 17 мектеп, 4 балабақша, 1 аурухана, 11 дегерлік амбулатория мен фельдшерлік-акушерлік пункт және 6 медициналық пункт жұмыс істейді. Сонымен қатар 2 Мәдениет үйі, 2 орталықтандырылған кітапхана, 4 спорт нысаны, Жастар орталығы және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар.

СЕМЕЙДЕ БАСПАНА БАҒАСЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

немесе БАҒА МЕН МҮМКІНДІК АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ

Қазақстанда тұрғын үй бағасының өсуі соңғы жылдары тұрақты экономикалық трендке айналды. Ресми деректерге сәйкес, баға өсімі инфляциядан да асып түсіп, әсіресе ірі қалаларда қарқынды жүріп жатқаны байқалады. Алайда бұл үрдіс елдегі экономикалық негіздерге сүйеніп отыр ма? Қазақстан бойынша 2025 жылы тұрғын үй бағасының өсуі жүйелі сипат алды: инфляция 12,6 пайыз болса, жаңа тұрғын үйлер 13,1 пайызға, ал екінші нарықтағы баспана бағасы 11,6 пайызға қымбаттады. Әрине, бұл өсім барлық өңірде бірдей емес: негізгі серпін Алматы, Астана, Шымкент және Павлодар сияқты экономикалық және миграциялық тартымдылығы жоғары қалаларда ерекше байқалауда.

Жалпы, елімізде жылжымайтын мүлік нарығында баға динамикасы мен мүмкіндіктер арасында алшақтық көп.

Семей қаласында да тұрғын үй нарығы соңғы жылдары күрделі әрі қарама-қайшы сипат алып отыр. Экономикалық әлеуеті шектеулі, ірі өндіріс орындары жоқ, халықтың орташа табысы республикалық деңгейден төмен қалада пәтер бағасы мен жалға алу құны ірі мегаполис - Астана деңгейіне жақындап келеді. Нарық заңдылықтарына қайшы келетін бұл құбылыс - жүйелі талдауды қажет ететін жағдай.

Қазіргі нарықтағы ұсыныстарға сүйенсек, Семейде ескі тұрғын үй қорындағы 1 бөлмелі пәтерлердің бағасы 14-18 млн теңге аралығында, 2 бөлмелі пәтерлер 20-28 млн теңге, ал 3 бөлмелі нұсқалар 30 млн теңгеден жоғары. Ал жаңа тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлердің бағасы бұдан әлдеқайда жоғары: 1 бөлмелі пәтерлер - 18-25 млн теңге, 2 бөлмелі - 25-35 млн теңге, 3 бөлмелі 35-45 млн теңгеге дейін жетеді.

Салыстыру үшін, Астанада ескі тұрғын үй қорындағы пәтерлер 20-35 млн теңге аралығында болса, жаңа тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлер 30-50 млн теңге және одан жоғары бағаланады. Ең бастысы - бұл айырмашылық халық табысымен сәйкес келмейді. Егер Астанада орташа жалақы 400-500 мың теңге шамасында болса, Семейде бұл көрсеткіш 250-300 мың теңге деңгейінде қалып отыр. Демек, тұрғын үйдің қолжетімділігі тұрғысынан Семейдегі жағдай әлдеқайда күрделі.

Бағаның жоғары болуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі - коммерциялық құрылыс сегментінің ерекшелігі. Қалада, мемлекеттік тұрғын үйлермен қатар, құрылыс компаниялары салған коммерциялық нысандар саны артып келеді. Алайда бұл пәтерлердің бағасы жоғары қойылады және ең маңыздысы - олар көбіне «черновой» күйінде тапсырылады.

Бұл дегеніміз, сатып алушы пәтерді алғанымен, онда бірден тұра алмайды. Қабырғасы сыланбаған, едені төселмеген, сантехникасы мен есіктері толық орнатылмаған тұрғын үйге қосымша қомақты қаржы жұмсауға тура келеді. Қазіргі нарықтағы бағаларды ескерсек, жөндеу жұмыстарының құны - 1 бөлмелі пәтер үшін 3-5 млн теңге, 2 бөлмелі үшін 5-8 млн теңге, 3 бөлмелі үшін 8-12 млн теңге. Яғни бастапқыда 25 млн теңгеге алынған пәтердің нақты құны 35 млн теңгеге дейін өседі. Бұл - ресми бағаға кірмейтін, бірақ нақты сатып алушы үшін шешуші шығын. Құрылыс материалдары мен жөндеу жұмыстарының қымбаттауы да баспана бағасын аспандатып жіберді.

Осы фактор екінші нарыққа да әсер етеді. Сатып алушылар қосымша шығыннан қашып, дайын, жөндеген пәтерлерді таңдауға тырысады. Ал бұл, өз кезегінде, олардың бағасының өсуіне алып келеді. Нәтижесінде нарықта «жаңа пәтер арзан» деген түсінік шартты сипатқа ие болады, өйткені толық шығын есептелгенде баға айтарлықтай жоғарылайды.

Жалға беру нарығы да теңгерімсіз сипатта қалыптасып отыр. Жылжымайтын мүлік агенттігінің қызметкерлері Семейде баспана нарығына бірнеше фактордың әсер еткенін айтады.

Семейде пәтердің де, жер үйдің де бағасы республикадағы басқа қалалармен салыстырғанда рекордтық көрсеткішке жетіп отыр. Тек жаңалары емес, ескі үйлердің құны да қымбаттады. Бұған бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, құрылыс материалдары бағасының көтерілуі. Бұл жаңа үйлердің қымбат болуына әкеліп отыр. Облыстың қайта құрылғандығы да жылжымайтын мүлік нарығына айтарлықтай ықпал етті. Себебі халық қалаға мол қаржы құйылып, әлеуметтік жағдай жақсарды деген үмітпен бағаны көтеріп жіберді. Тек үйдің емес, жалға берілетін нысандардың, кеңселердің де ай сайынғы ақысы жоғарылап кетті. Осыған дейін қолданылмай, бос тұрған ғимараттарды жалға алушылар көбейді, - дейді ол.

Риэлтордың айтуынша, қайталанма нарықтағы 32 шаршы метрлік бір бөлмелі пәтердің бағасы облыс орталығы болған уақытқа дейін 8,5-10 млн шамасында болса, қазір 15 млн теңгеден басталады. 42 шаршы метрлік бір бөлмелі пәтердің құны бұрын 10-12 млн шамасында құбылса, бүгінде 18 млн теңгеден асып жығылады.

Орташа есеппен алғанда, баға осындай. Әрине, баға пәтердің қазіргі жағдайына, салынған жылына, орналасқан аумағына, қабатына байланысты белгіленеді. Жаңадан салынған, орталықтағы 52 шаршы метрлік екі бөлмелі пәтерлер бүгін 20 - 25 млн теңге аралығында, ал облыс орталығы болғанға дейін 15-20 млн еді. Үш бөлмелі пәтерлер 40 млн теңгеден асып жығылады. Менің ойымша, бағаны осыншама өсіру қисынға келмейді. Адамдар үйлерінің құнын негізсіз аспандатып жіберді, - дейді 13 жыл бойы осы салада жұмыс істеп жүрген риэлтор.

Тағы бір риэлтордың пікірінше, жылжымайтын мүлік бағасы Абай об-



НЕЛІКТЕН ТҰРҒЫН ҮЙ ҚЫМБАТ?

- Жер бағасының қымбаттауы**
Жер телімдерінің талшылығы бағаға тікелей әсер етеді
- Құрылыс материалдарының қымбаттауы**
Цемента, металл, шыны, кірпіш бағасы өскен
- Сұраныстың жоғары болуы**
Халық саны өсіп, баспанаға сұраныс артауда

- Инфрақұрылымның дамуы**
Жаңа аудандар, мектептер, жолдар - құрылыс құнын көтереді
- Инвесторлардың аздығы**
Жеке құрылыс салушылар саны жеткіліксіз
- Несие мен ипотека шарттары**
Пайыздық мөлшерлеме жоғары, төлем қабілеті төмен

“ БАҒА МЕН МҮМКІНДІК АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ ”

- Жалақы деңгейі төмен
- Ипотекалық мүмкіндіктер шектеулі
- Жастарға қолжетімді баспана аз
- Қолжетімді тұрғын үй бағдарламалары толық іске аспай отыр

лысының құрылатыны жайлы хабардан соң бірден қымбаттап кеткен сыңайлы.

Баспана бағасы бұдан бұрын өсіп кеткен. Мәселен, кейбір құрылыс компаниялары осыдан екі жыл бұрын пәтерлердің 1 шаршы метрі үшін 240 мың теңге сұраса, биыл баға 400 мыңға жетті. Одан да қымбаттары бар. Ескі үйлерге қатысты айтар болсақ, ипотекалық бағдарламаның талаптарына сай келетін пәтерлердің құны жоғарылады, - дейді. Оның айтуынша, баға, негізінен, зейнетақы жинағын баспана алуға жұмсауға рұқсат берілгенде күрт өскен. Сол кезде бірден 1,5-2 млн теңгеге қымбаттапты.

Ипотекаға алуға келмейтін ескі үйлер ғана бұрынғы бағада. Қазір сапасы жақсы, 2-3 бөлмелі пәтерлерді арнайы бағдарлама арқылы несиемен қол жеткізуге мүмкіндігі барлар немесе қалталы азаматтар сатып алып жатыр. Көпшілік бағаны қолдан шарықтастып жіберді. Бұл мәселені мемлекет тарапынан реттеу керек деп ойлаймын, - дейді риэлтор.

Бүгінгі таңда Семейде жалға берілетін 1 бөлмелі пәтерлердің айлық құны 80-120 мың теңге, 2 бөлмелі пәтерлер 120-180 мың теңге аралығында. Ал жақсы жөндеген, орталықтағы пәтерлер 200 мың теңгеге дейін жетеді. Астанада бұл көрсеткіштер 120-300 мың теңге аралығында болғанымен, табыс деңгейін ескерсек, Семей тұрғындары үшін жалға алу әлдеқайда ауыр жүктеме болып отыр. Көп жағдайда азаматтар табысының 40-50 пайызын тұрғын үйге жұмсайды, бұл халықаралық нормадан (30 пайыз) айтарлықтай жоғары.

Ал Семей бұл қатарға толық қосыла алмайды. Мұнда баға өсімі жалпыұлттық трендтің ықпалымен жүріп жатқанымен, оның артында мегаполистердегідей күшті экономикалық драйверлер жоқ. Семейдегі тұрғын үй бағасының ерекшелігі - оның экономикалық негізден гөрі инерциялық және сыртқы факторларға тәуелді болуы. Қалада жылжымайтын мүлік бағасы бұрыннан-ақ басқа өңірлермен салыстырғанда қымбат болатын, бірақ бұл жоғары табыс, инвестиция немесе халық санының күрт өсуімен дәлелденбеген.

Биылғы баға өсімін күшейткен негізгі факторлардың бірі - салықтық өзгерістер. Бұрын құрылыс компаниялары қосылған құн салығынан босатылса, енді ҚҚС енгізілуі жылжымайтын мүлік құнын арттырып, оның салмағы түпкілікті сатып алушыға жүктеліп отыр. Яғни, республика бойынша байқалған баға өсімі тек сұранысқа емес, мемлекеттік реттеу тетіктеріне де байланысты.

Осылайша, Семейде ерекше жағдай қалыптасып отыр: ел бойынша баға өсімі еңбекақы көлемі жоғары, ірі кәсіпорындар мен коммерциялық құрылымдар шоғырланған ірі қалалар үлесінде болса, Семей баға жағынан сол толқынға ілескенімен, экономикалық негізі әлсіз екені бұл орайда ескерілмей отыр. Нәтижесінде жылжымайтын мүлік нарығында қайшылық туындап отыр: баға - ұлттық, тіпті мегаполистік деңгейге жақын, ал сатып алу қабілеті мен экономикалық мүмкіндік - өңірлік деңгейде қалып отыр. Тұрғын үйдің шынайы құны тек нарықтық динамикамен емес, халықтың нақты төлем қабілетімен айқындалуы керектігі назардан тыс қалып отыр.

Ең ерекше және түсіндіругі қиын сегмент - жеке тұрған тұрғын үйлерді жалға беру нарығы. Семейде жеке орналасқан үйлердің жалдау құны кей жағдайда 800 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл - Астананың өзінде тек премиум сегментке тән көрсеткіш. Экономикалық негізі әлсіз қала үшін мұндай баға нарықтағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімнің бұзылғанын айқын көрсетеді.

Жалға беру нарығындағы тағы бір маңызды фактор - риэлторлық қызмет құны. Көп жағдайда жылжымайтын мүлік сату мен сатып алуға көмектесетін делдалдардың қызметіне төленетін комиссия мөлшері жалдау ақысының 50 пайызын, кейде тіпті бір айлық құнын құрайды. Яғни жалға алушы алғашқы айда екі есеге жуық шығын шығарады.

Нарықтағы бағаның қалыптасуына психологиялық факторлардың да ықпалы зор. Семейде сатушылар көбіне нақты экономикалық мүмкіндіктерге емес, басқалардың бағаларына қарап бағдар ұстайды. Бір пәтер қымбатқа қойылса, ұқсас нысандар да сол деңгейге «теңестіріледі». Сонымен қатар «ішкі алыпсатарлық» құбылысы байқалады: тұрғындар пәтерін жоғары бағаға сатып, арзандау нұсқаны алып, пайда табуға тырысады. Бұл әрекеттер нарықтағы бағаны одан әрі «үрлейді».

Жылжымайтын мүліктің бағасына халық санының өсуі, инфляция, ішкі және әлемдік экономикалық мәселелер де әсер етуде. Баспана құны «ертең түседі» дегенді ешкім де болжап айта алмайды, өйткені доллардың бағасы көтерілсе, құрылыс материалдары қымбаттайды. Сондықтан үй бағасы да көтеріле береді.

Осылайша, Семейдегі ғана емес, жалпы еліміздегі тұрғын үй нарығы классикалық - экономикалық заңдылықтардан белгілі бір деңгейде ауытқыған. Жылжымайтын мүлік бағасы

нақты табыс пен сұранысқа емес, ұсыныстың құрылымына, қосымша шығындарға және нарық қатысушыларының мінез-құлқына тәуелді болып отыр.

Қалыптасқан жағдай ұзақ мерзімді перспективада бірқатар тәуекелдерді туындатады. Ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі төмендейді. Екіншіден, нарықтағы өтімділік азаяды, яғни пәтерлер ұзақ уақыт сатылмай тұрады. Үшіншіден, баға мен нақты құн арасындағы алшақтық ұлғайған сайын, нарықта түзету (коррекция) қаупі артады.

Осыған байланысты бірнеше нақты бағытта шара қабылдау қажет. Біріншіден, тұрғын үй нарығындағы нақты бағаның ашық статистикасын қалыптастыру керек, бұл бағаның жасанды өсуін тежейді. Екіншіден, құрылыс компаниялары үшін пәтерді толық дайын күйде тапсыру стандарттарын дамыту маңызды. Үшіншіден, жалға беру нарығында риэлторлық қызметті реттеу, комиссия мөлшеріне шектеу қою мәселесін қарастыру қажет. Төртіншіден, ең бастысы, өңірлік деңгейде баспана бағасының халық табысына сәйкес болуын айқындайтын нақты экономикалық саясат қажет.

Елімізде жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайды реттеп отыратын бірінші бағалау комиссиясын құру керек. Сондай-ақ тұрғын үймен қамтуға арналған бағдарламалардың көбін қайта қарау керек. Себебі жоғары пайыздық үстемақыны қарапайым халықтың қалтасы көтермейді.

Семейдегі тұрғын үй нарығындағы қазіргі жағдай - тек бағаның өсуі емес, бұл баға мен мүмкіндік арасындағы алшақтықтың көрінісі. Егер бұл теңгерім қалпына келмесе, нарық ұзақ уақыт бойы «қымбат, бірақ қолжетімсіз» күйде қалып қоюы мүмкін.

Енді Семейдегі құрылыс компаниялары және қымбат баға мен сапа арасындағы таңдау деген мәселеге тоқталар болсақ, қаламыздағы құрылыс қарқыны соңғы жылдары көзге анық байқалады. Қаланың әр бұрышында жаңа тұрғын үй кешендері бой көтеріп жатқанына куанамыз. Сырт қарағанда, бұл - дамудың белгісі. Ал шынайы өмірде - сұрақ көп: баға неге өсіп жатыр, сапа соған сай ма? Қазіргі нарықта бірнеше негізгі ойыншы бар. Олар әр түрлі сегментке бағытталғанымен, ортақ бір заңдылық байқалады: тұрғын үй саны көбейгенімен, сатып алушының сенімі автоматты түрде өсе қойған жоқ. Бұл орайда нарықтағы белсенділер қатарында: Vira Group (Vegas, Brooklyn), Altyn Uia (Alash, Atameken), Building Service Company (Жасмин), ЕвроТехСтрой-2003 (Самал

Тау, Амина), Dala SK (Irtysk Riverside), «Фирма Азия» (Аққу), «Ситико» (Citeco Star, Jağalau), Riyad и K (Туран 3), TARLAN, Alizere, ARYS STROY, Semei luxe stroy, «Гордорстрой» сияқты құрылыс компаниялары бар. Жобалар саны жеткілікті. Таңдау бар сияқты. Бірақ сапалы таңдау бар ма - мәселе осында.

Бағаға келсек, бүгінгі таңда Семейде жаңа пәтердің 1 шаршы метрі шамамен 400 мыңнан 500 мың теңгеге дейін жетеді. Бұл - өңірлік қала үшін өте қымбат. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл компанияларда пәтерлер «черновой» күйде беріледі. Яғни қабырға бар, бірақ өмір сүруге дайын емес. Сатып алушы үшін бұл - үлкен шығын. Жөндеу, материал, жұмыс күші - бәрін қосқанда, пәтердің нақты бағасы екі есеге дейін өседі. Нәтижесінде қағаздағы «қолжетімді баспана» шын өмірде қымбат инвестицияға айналады.

Тағы бір маңызды мәселе - сенім. Әдемі жарнама мен үде көп. Бірақ құрылыс заңдылығы, лицензия, құжаттардың дұрыстығы әрдайым ашық айтыла бермейді. Сондықтан сатып алушылар жоғарыда айтылған құжаттарды міндетті түрде тексеруі керек. Бұл үшін eGov Mobile қосымшасы арқылы компанияның лицензиясын, жер телімін және құрылысқа рұқсатын нақтылап алу маңызды.

Қазіргі заманда құрылыс компаниялары әлеуметтік желіде белсенді: фото, видео, есептер жариялайды. Бірақ бұл да толық көпіндік емес. Себебі «контент» - маркетинг, ал «сапа» - тек уақыт көрсететін нәтиже.

Сонымен, Семейдегі құрылыс нарығы өсіп жатыр. Бірақ бұл өсім сапамен қатар өсіп жатыр дегуге әлі ерте. Қалада жаңа үйлер көбейгенімен, сатып алушының алдында таңдау емес, дилемма тұр: тез алу ма, әлде дұрыс таңдау ма?

Бір шындық айқын: бүгінгі Семейде пәтер сатып алу - жай ғана мүлік алу емес, тәуекел мен есептің арасындағы күрделі шешім.

Семейдегі баспана бағасының өсуі тұрғындар үшін нақты қысымға айналып отыр. Нарықтағы ұсыныс көбейгенімен, пәтердің шынайы қолжетімділігі төмен деңгейде қалып отыр. Көп жағдайда сатып алушы дайын үй емес, қосымша шығынды талап ететін «жоба» сатып алады. Бұл жалпы құнды айтарлықтай арттырып, тұрғын үйді одан әрі қолжетімсіз етеді. Мемлекеттік бағдарламалардың кезегінде кісі көп... Нәтижесінде баспана мәселесі жеке таңдау емес, жүйелі проблемаға айналып барады.



АБАЙ

ҰСТАЗДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Абай ауданында 2013–2014 жылы туған жасөспірімдер арасында футболдан ұлағатты ұстаз Талғат Искаковты еске алу турнирі ұйымдастырылды.

Жас спортшылар тартысты ойындар өткізіп, өзара мықтыны анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша, Қарауыл гимназиясының командасы жеңіске жетті. Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты II орын, Шәкәрім атындағы орта мектебі III орынды иеленді.

Жеміпаздар мен жүлдегерлерге құрмет грамотасы табыс етілді.

АҚСУАТ

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Ақсуат ауданында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік өтті.

Аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің қызметкерлері Ақсуат ауылының Қабанбай көшесінде орналасқан «Арсен» дүкенінің маңынан бастап Үшкөпірге дейінгі жолдың сол жақ бөлігін толықтай тазартып, ретке келтірді.

АЯГӨЗ

ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аягөз ауданында «Дін, қоғам және жастар» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Іс-шараға Түркістан облысы Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры дінтанушы Медет Халықов және «Qamqor-Astana» қоғамдық қорының теологі Дастан Дарханұлы және аудан жастары қатысты.

Тренинг барысында теріс діни ағымдардың алдын алу мәселесі талқыланып, радикалды идеологиялардың белгілері мен олардан сақтану жолдары түсіндірілді.

БОРОДУЛИХА

ТАБИҒИ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Бородулиха ауданында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде Петропавловка, Дмитриевка және Бел-Ағаш ауылдық округтерінің шаруалары көкөніс, бал, жумыртқа мен ет, сүт өнімдерін ұсынды. Сонымен қатар Семей қаласынан «Айша» компаниясының және Глубоко ауданының өнімдері сауланданды.

Саудаға шығарылған табиғи таза өнімдер тұрғындар тарапынан жоғары сұранысқа ие болды. Экологиялық таза өнімді дедланды, тікелей сатып алған тұрғындар мұндай жәрмеңкелердің тиімді екенін айтады.

БЕСҚАРАҒАЙ

АЛАЯҚ АЙЛАСЫН АСЫРМАСЫН

Бесқарағай ауданында интернет алаяқтығының алдын алу, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ерекше форматтағы чөллендж өтті.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері тұрғындарға екі мыңға жуық ақпараттық буклет таратып, алаяқтықтардан сақтану жолдарын түсіндірді. Күмәнді сайттар мен хабарламалардан қорғану, интернеттегі қауіпсіздік ережелері бойынша нақты кеңестер берілді.

Шара эстафета ретінде Курчатов қалалық полиция бөліміне жолданды.

ЖАРМА

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КЕҢЕС

Жарма ауданы прокуратурасында өкімдік, полиция бөлімі және уәкілетті органдар басшыларының қатысуымен ведомствоаралық кеңес өтті.

Кеңес барысында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары талқыланды. Басқосуда сондай-ақ қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру және жол қозғалысы қатысушыларының жауапкершілігін арттыруға бағытталған шаралар мен «Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыру мәселелері қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша ведомствоаралық өзара ІС-қимылды күшейту және жол қауіпсіздігін бақылауды жетілдіру бағытында нақты шаралар әзірленді.

МАҚАНШЫ

ЖЕРЛЕС СУРЕТШІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Мақаншы ауылында аудан тумасы - Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Болат Исиннің «Көркем шежіре» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

Салтанатты рәсімге қатысқан аудан әкімі Дәурен Қойгелдин құттықтау сөзінде көрмеге суретшінің туған жер табиғатын, ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелейтін туындылары қойылғанын айтып, қылқалам шеберінің көп жылдық еңбегі мен өнерге қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Көрмеге Болат Исиннің 2018–2026 жылдар аралығында салынған акварель туындылары қойылған. Бұл еңбектеріне суретші туған өлкеңіз көркем табиғатын, ауыл көрінісін арқау еткен.

ҚЫЗЫЛБҰЛАҚ – ШІМДІКСІЗ АУЫЛ

Қызылбұлақ ауылының тұрғындары салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды бастама көтеріп, «Алкогольсіз ауыл» мәртебесіне ие болды. Бұл – ауыл халқының ауызбіршілігі мен саналы таңдауының нақты көрінісі.

Тұрғындардың айтуынша, осы бастаманың нәтижесінде ауылда қоғамдық тәртіп пен тыныштық сақталып, жастар спорт пен білімге бет бұра бастады. Сонымен қатар отбасылық құндылықтар да нығайып келеді.

АҚСУАТ

АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімі Еркін Ескендіровтің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, құқық қорғау органдары және БАҚ өкілдері қатысты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»



Аппарат мәжілісінде аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолалыушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Смағұлов «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жүргізілетін абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары туралы баяндап, алдағы жоспармен таныстырды.

Сонымен қатар аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы С. Ахметов көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы жөнінде, экономика және қаржы бөлімінің басшысы А.Өбіпбеков ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы, Құмкөл ауылдық округінің әкімі Е.Құрманғазы ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, 2026

жылға арналған жоспарлары және кеші-қон бағдарламасының орындалуы туралы, аудан әкімі аппаратының басшысы Р.Жанарбеков облыс әкімі Б.Уәлидің хаттамалық тапсырмасының жергілікті жерде орындалуы туралы баяндама жасады.

Жиын қорытындысында аудан әкімі күн тәртібінде қаралған мәселелерге жеке-жеке тоқталып, нақты тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында әр ауыл мен мөлтек аудандарда тұрғындарды сенбіліктерге белсенді тарту, күнделікті тұтынатын картоп, пияз, сәбіз секілді көкөніс түрлерін жергілікті жерде өндіріп, ауданды өз өнімімізбен қамтамасыз ету, жекеменшік инвестиция тарту көрсеткіштерін арттыру, сондай-ақ хаттамалық тапсырмаларды уақтылы әрі сапалы орындау қажеттігін атап өтті.

МАҚАНШЫ

АБАТТАНҒАН АУЫЛ АЖАРЛЫ

Мақаншы ауданының орталығы – Мақаншы ауылының орталық көшелерінде абаттандыру жұмыстары басталмақ.

Аудан басшысы Дәурен Қойгелдин жауапты бөлімдерге көшелердің жарықтандырылуын жақсарту, жол жиектерін ретке келтіру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізу бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

– Тұрғын үй аулаларын, көшелер мен қоғамдық орындарды таза ұстау, айналаны абаттандыру – әрбір азаматтың міндеті. Әрбір тұрғынның қоршаған ортаны тазалығына деген жауапкершілігі – туған өлкеміздің көркеюіне қосқан үлесі, – деп атап өтті Дәурен Бақытжанұлы.

Айта кетсек, өткен жылы облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаржы бөлініп, Мақаншы ауылының Сағиев және Сапаров көшелерінде, сондай-ақ Көктал ауылының 7 көшесінде жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Мақаншы ауылындағы Жеңіс паркінің аумағы кеңейтіліп, абаттандырылды, бұл ретте соғысқа қатысқан ардагерлердің тізімі қайта қаралып, толықтырылды. Аудан орталығындағы Қабанбай батыр ескерткішінің жанынан 120 млн теңгеге демалыс орны салынды.

Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен Мақаншы ауылының орталық көшелерінде жарық шамдарын көріктендіру мақсатында қосымша диодты ленталар орнатылуда. Қабанбай көшесінде толықтай диодтық жарық шамдар орнатылады. Қазіргі күні Жайтөбе маңындағы кіреберіс қақпаны және ауыл ішіндегі екі арканы заманауи үлгіде жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Аталған жұмыстардың сапасы мен уақтылы орындалуы қатаң бақылауда болады.

Өз тіліміз

БОРОДУЛИХА

Бородулиха ауданында аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратовтың төрағалығымен аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті. Жиынға аудандық мәслихаттың төрағасы Сәуле Урашева, аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округтер әкімдері, дербес бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, аудандық мекемелердің басшылары және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы талқыланып, жиында алдымен кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Альви Мартаев баяндама жасады. Бөлім басшысы жүргізілген жұмыстар туралы толық мәлімет беріп, 2026 жылға арналған жоспарды таныстырды.

Бөлімнің басшысының мәліметіне сүйенсек, аудан аумағында 175 сауда нысаны жұмыс істейді, әлеуметтік маңыздағы азық-түлік өнімдерінің бағалары бақылауға алынған. Өткен жылы жүргізілген тексерулер барысында бірнеше дүкенде әлеуметтік азық-түлік бағасының өскені, яғни шекті деңгейден жоғары бағада саудаланғаны анықталған болатын. Биыл да үш дүкенде азық-түлік бағасын негізсіз өсіру жағдайы тіркеліп, тиісті шаралар қабылданған.

Бағаны тұрақтандыру үшін жергілікті өндірушілерге қолдау көрсетілуде. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіліп, Бородулиха ауылында коммуналдық нарық пайдалануға берілді, ал кәсіпкерлермен меморандумдар жасалды.

Отырыста Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес Бородулиха

МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ



ауданындағы білім беру мекемелерін оңтайландыру (жабу, қайта ұйымдастыру) туралы ақпарат тыңдалды. Бұл мәселе бойынша Бородулиха ауданы білім беру бөлімінің басшысы Гүлнұр Катаева сөз алып, саладағы өзгерістер мен жаңалықтарға жан-жақты тоқталды. Ауданның білім беру жүйесін жақсартуға бағытталған жоспарлар мен ұсыныстарды таныстырды.

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алина Тоқанова ауыз судың сапасы мен жарамдылығы мәселесі бойынша ақпарат берді. Баяндамашы аудан аумағында ауыз суға қатысты мәселелер, сапаны бақылау шаралары, тұрғындар тұтынатын судың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар тура-

лы айтты. Ауыз судың сапасын жақсарту үшін алдағы уақытта бірқатар шаралар қабылданбақ.

Аудандық Мансап орталығының директоры Жәнібек Бексатов өңірлік жұмыспен қамту қаржысының іске асырылуы жөнінде баяндады. 2026 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша, жоспарланған 595 жұмыс орнының 135-і (22,7%) нақты орындалған.

Инфрақұрылымдық жобалар бойынша балалар ойын алаңдары, шағын футбол алаңдарын орнату және көшелерді жарықтандыру сияқты жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жазғы кезеңге 60 жұмыс орны қарастырылған. Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен мемлекеттік гранттар арқылы аудан тұрғындарының жұмысқа орналасуына қолдау көрсетілуде.

Субсидияланатын жұмыс орындары бойынша 143 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған, бүгінгі таңда 82 адам жұмыспен қамтылған.

«100 жұмыс орны» жобасы бойынша 169 жаңа жұмыс орнын құру көзделген. Алайда бірінші тоқсан бойынша тек 23 жұмыс орны құрылды.

Мансап орталығының қолдауымен ауылдық округтерде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін тұрақты өткізіп, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 8 мемлекеттік грант беру жоспарланған отыр.

Бородулиха ауданында жұмыспен қамту мәселелері бойынша жұмыстар жалғасуда және жақын арада бұл бағыттағы көрсеткіштер жақсарды деп күтілуде. Отырыс соңында аудан әкімінің міндетін атқарушы бөлім басшылары мен округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ – БАСТЫ БАҒЫТ

Елімізде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың қай-қайсысы болсын қолынан іс келетін азаматтарды қолдауға бағытталған. 2023 жылдан бері республика көлемінде жүзеге асырылып келе жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы да ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған. Бүгінде осы бағдарламаның игілігін көріп отырған азаматтар аз емес.



Жуырда аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратовтың бастамасымен «Семей ӘКК» АҚ өкілдері жергілікті тұрғындармен кездесу өткізіп, аталған жобаның мүмкіндіктерін таныстырды. Кездесудің мақсаты бағдарламаны тұрғындарға түсіндіру, олардың көкейінде жүрген сауалдарын тыңдап, ашық пікір алмасу алаңын қалыптастыру болды.

Бесқарағай ауданы әкімдігінде кезекті отырыс өтті. Аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы төрағалық еткен жиынға әкімнің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрайымы, дербес бөлімдер мен мекемелердің басшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Отырыста көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы, пайдаланылмай жатқан және заңсыз пайдаланылған жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару, сондай-ақ аудандағы эпидемиологиялық ахуал, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ардақ Әміртаев баяндады. Бөлім басшысының айтуынша, дала жұмыстарына дайындық қызу жүріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 66 555 гектар жерге егіледі деп жоспарланған. Бұл жұмыстарға 95 шаруашылық қатысады.

Егіс науқанын сапалы өткізу мақсатында техникалардың дайындығы да күшейтілген. Өткен жылы лизинг арқылы 50 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынса, биыл тағы 60 бірлік техника алу жоспарланған. Көктемгі жұмыстарға жалпы саны 1 126 бірлік шынжыр табанды және доңғалақты техника жұмылдырылмақ.



Келесі мәселе - пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарының барысы туралы жер қатынастары бөлімінің басшысы Кәрімхан Төлеуов ақпарат берді.

Ауданның ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерінің жалпы ауданы - 463,4 мың гектар. Оның 80,9 мың гектары - егістік жер, 347 мың гектары - жайылымдық және 10,7 мың гектары - шабындық алқап. Ауданда 527 шаруа қожалығы мен 44 ауыл шаруашылығы ұйымы жұмыс істейді. 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, кемінде 3 000 гектар жерді мемлекет меншігіне қайтару көзделіп отыр. Қазіргі уақытта 42 мың гектар болатын 53 жер учаскесіне қатысты материалдар Абай облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне жолданып, қазіргі күні 2 337 гектары мемлекет меншігіне қайтарылған. Бұл жұмыстар ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп жүргізілуде.

Аудандағы эпидемиологиялық ахуал туралы аудандық аурухананың бас дәрігері Жәнібек Мұқанов баяндады. Айтуынша, эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда.

2025 жылы вирустың А гепатитінің және аскаридоздың бір-бір жағдайы тіркелген. Сонымен қатар туберкулез сырқаты бойынша 10 жағдай анықталған. Ал биылғы жылдың басынан бері 2 жаңа жағдай тіркелген. Тұрғындар флюорографиялық тексерулерден толық өткен. Биыл 7 500 адамды қамту жоспарланған. Манту сынағасы мен иммундау жұмыстары да жоспарға сай жүзеге асырылуда. Туберкулезге қарсы иммундау мен туберкулинодиагностика жоспар бойынша жүргізілуде.

Қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша аудандық полиция бөлімінің бастығы Ербол Дайырбеков ақпарат берді. Ербол Дайырбековтің айтуынша, биылғы жылдың алғашқы үш айында 8 қылмыс тіркелген. Қылмыстардың 75 пайызы ашылған.

- Қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін «Құқықтық тәртіп», «Қауіпсіз аула», «Қауіпсіз үй», «Жол қауіпсіздігі» және «Есептегі тұлғалар» сияқты 24 жедел іс-шара ұйымдастырылды. Нәтижесінде 780 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, жалпы көлемі 5 992 059 теңге айыппұл салынды, – деді полиция бөлімінің бастығы.

Сонымен қатар алкоголь өнімдерін заңсыз сату фактілеріне тосқауыл қою, мал ұрлығы мен интернет алаяқтық сияқты қылмыстардың алдын алудың маңызы зор екенін атап өтті.

Жиынды аудан әкімі Ділдар Қалиқанұлы қорытындылап, көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

«ST»-ақпарат

Шайза ДОСКЕЕВА



ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЖЕРДІҢ КӨРКІ

Елімізде қоршаған ортаны қорғау мен елді мекендерді көгалдандыруға бағытталған «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында Жаңасемей ауданының Жиенәлі ауылдық округінде ағаш егу акциясы өтті.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»



Көгалдандыру ауылдың көркін арттырып қана қоймай, болашақта жасыл желекті аумақтың кеңеюіне негіз қалайды.

Қатысушылардың пікірінше, мұндай акциялар тұрғындардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Ортақ іске атсалысу ауыл тұрғындарының ынтымағын нығайтып, бірлігін бекемдей түседі.

Табиғатты қорғау, келешек ұрпаққа жасыл әрі көрікті мекен қалдыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Тұрғындарды алда өтетін сенбіліктерге де белсенді қатысуға шақырамыз,- дейді жастардың бірі.

Акцияны ұйымдастырушылардың айтуынша, табиғатты қорғау әрбір азаматтың парызы. «Таза Қазақстан» акциясы аясында алдағы уақытта да Жиенәлі ауылдық округінде көгалдандыру, абаттандыру және тазалық жұмыстары жүйелі түрде жалғасын таппақ. Бұл – өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған ұзақ мерзімді жұмыстардың бастауы ғана. Осындай игі істер арқылы ауылдың ажары артып, тұрғындар үшін жайлы әрі таза орта қалыптасады.

Өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға, елді мекендерді көгалдандыруға және тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеруге бағытталған акцияға ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлері бір кісідей жұмылып, Бөкенші ауылына кіреберіс тас жолдың бойында бірлесіп еңбек етті.

Алдын ала белгіленген аумақтар тазартылып, арнайы дайындалған орындарға жас ағаш көшеттері отырғызылды.

КӨКПЕКТІ

«ҰРПАҚ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ»

Көкпекті ауданындағы киелі қара шаңырақ - ұлағатты ұстаз Жакия Шайжүнісов атындағы орта мектепте «Ұрпақ жүрегіне жол» көшпелі тимбилдинг жобасы аясында ауқымды іс-шара өтті. Жиынға ата-аналар мен мұғалімдер, ардагер ұстаздар, оқушылар, құқық қорғау органдарының өкілдері - барлығы 600-ге жуық адам қатысты.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығын жүзеге асыру, жасөспірімдер арасында қылмыстық іс-әрекеттердің, құқық бұзушылықтың алдын алу, ескеңе ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатындағы «Ұрпақ жүрегіне жол» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен облыстық жобаның басты мақсаты – ата-аналар, оқушылар, педагогтер мен қоғам өкілдері арасында сенімге негізделген, саналы және қауіпсіз орта қалыптастыру, сондай-ақ отбасы, мектеп және қоғам арасындағы өзара байланысты нығайту. Іс-шара барысында бірнеше алаң бойынша тәжірибелік сабақтар, тренингтер, дөңгелек үстелдер мен кездесулер өтті.

Тимбилдингтің пленарлық бөліміне аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев арнайы қатысты. Іс-шарада сөз алған аудан басшысы жобаның маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен іс-қимылы ата-аналар мен оқушылар бойынша құқықтық сауаттылықты қалыптастыратынын



айтты. Сондай-ақ игі бастаманың ұйытқысы болып отырған Абай облысының білім басқармасы мен ардагерлер кеңесіне ризашылығын білдірді. Жиын барысында аудан прокурорының орынбасары Қуаныш Чукуев пен полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Айдын Қабитаев тас сөз сөйлеп, «Заң және тәртіп» қағидатына тоқталды.

Құқық қорғау саласының мамандары өз алаңдарында жасөспірімдер арасындағы ке-

ленсіздіктердің алдын алу мен тәрбиедегі заңды талаптар төңірегінде мазмұнды ақпараттармен бөлісті.

Ұйымдастырушылар іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне зор еңбек сіңірген Көкпекті ауданының білім бөлімінің басшысы мен әдіскерлеріне, мектеп директоры мен ардагерлер кеңесінің төрайымына, ұстаздарға алғыс білдірді.

Жобаның үйлестірушісі облыстық білім басқармасына қарасты Инновациялық-

әдістемелік орталықтың тәрбие бөлімінің басшысы Айдар Абдухамитовтың, әдіскері Амангүл Матабаеваның кезекті іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне үлкен үлес қосты.

«Ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарамай, осы жоба өз өкілдерін қатыстырып жатқан облыстық барлық құзырлы органдарының және қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне алғыс білдіреміз,- деді аудан басшысы.

Көкпекті ауылында кәсіпкерлік пен креативті индустрияның дамуына серпін беретін «SLON» сыртқы жарнама орталығы филиалының ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев, жергілікті кәсіпкерлер, жастар, шығармашылық өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

ЖАРНАМА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Аудан басшысы тұрғындарға жақсылық тілеп, жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтады.

Іс-шара барысында қатысушылар орталықтың мүмкіндіктерімен танысып, заманауи жарнама және полиграфия саласының ерекшеліктері туралы ақпарат алды. SLON орталығы - Семей қаласында сыртқы жарнама саласында өзіндік орны бар ірі құрылымдардың бірі. Енді бұл орталықтың филиалы Көкпекті ауданында да қызмет көрсетіп, жергілікті кәсіпкерлерге сапалы жарнама өнімдерін ұсынатын болады.

Жиын барысында орталық өкілдері өз тәжірибелерін ортаға салды. Жұмыс барысында заманауи технологиялар қолданылады. Дизайнер Ақнұр Хайса полиграфиялық орталықтың таныстырылымын өткізді. Сонымен қатар шеберлік сағаты ұйымдастырылып, техникалық шоу ұсынылды.

Айта кету керек, жаңа филиал тұрғындар мен кәсіпкерлердің қызығушылығын тудырып, алғашқы күннен-ақ тапсырыстар қабылдай бастады.

Қазіргі нарықта жарнама ерекше маңызды рөл атқарады. Сауда жүргізудің тетігі ретінде қызмет етумен қатар, тұтыну мәдениетін жаңа белеске көтеруге де



ықпал етеді. Жарнама қоғамдағы ақпарат алмасудың маңызды дәнекері болып, бизнестің табысты дамуына ықпал ететін стратегиялық құралға айналды.

жүргізу үшін қажетті жөндеу жұмыстарын алдын ала жоспарлаудың маңыздылығын атап өтті. Тұрғындарды үздіксіз әрі сапалы жылумен қамту аса жауапты міндет екенін айтқан аудан әкімі тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Жалпы, Үржар ауылында биылғы маусым қалыпты өтті. Ендігі міндет – келесі жылы беру маусымына тыңғылықты дайындық жүргізу.

Сонымен қатар тұрғындық маңындағы көп қабатты тұрғын үйлердің ауласында орналасқан балалар ойын алаңдарын қалпына келтіру мәселесі де көтерілді. Аудан әкімі бұл бағытта да тиісті жұмыстарды қолға алуды тапсырды. Жалпы, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мұндай жұмыстар аудан басшылығының тұрақты бақылауында тұр.

Д.СҮЛЕЙМЕН

ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев аудандық Оқушылар шығармашылық сарайында жастармен кездесу өткізді. Еркін форматта өткен жиын жастардың пікірін тыңдап, өзекті мәселелерді бірлесіп талқылауға мүмкіндік берді.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»



Кездесу барысында аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры Гүлімай Махмұтқызы жастар саясатының жүзеге асырылуы, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы жан-жақты баяндады. Оның айтуынша, ауданда жастарды қолдауға бағытталған жобалар мен бағдарламалар жүйелі іске асырылып келеді.

Жиынның негізгі бөлігінде ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Ауданның тыныс-тіршілігі мен дамуына қатысты жастардың ойын тыңдап, сауалдарына жауап берген Нұрбек Тұрсынқанұлы айтылған ұсыныстар мен бастамалардың назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

Кездесу барысында жастардың қоғамдағы рөлі, олардың белсенділігі мен бастамаларын қолдаудың маңыздылығы жайлы да сөз қозғалды. Аудан әкімі жас ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасау әрдайым басты назарда болатынын жеткізіп, жастарды ауданда өтетін маңызды іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.

ҮРЖАР

АУДАН ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНДА

Жылу беру маусымының аяқталуына санаулы уақыт қалғанда, келесі кезеңге дайындық жұмыстары өзекті бола түседі. Өсіресе жылу қазандықтарының техникалық жағдайын тексеріп, ақауларын алдын ала анықтау – тұрғындарды тұрақты әрі сапалы жылумен қамтамасыз етудің басты кепілі.

Осы орайда Үржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев Үржар ауылындағы Абылайхан даңғылында орналасқан орталық қазандықта болып, жай-күйімен танысты. Аталған нысан көп қабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік мекемелерді жылумен қамтамасыз етеді.

Аудан басшысы қазандық жұмысшыларымен тілдесіп, алдағы жылыту маусымына дайындықты сапалы



ЖАРМА

Жарма ауданында ұлттық сән өнерін насихаттап, әуесқой дизайнерлердің шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында «Алтын оймақ» байқауы өтті. Екінші жыл қатарынан аудандық деңгейде ұйымдастырылған бұл сайыс тың идеялар мен жаңа бағыттарға жол ашып, қатысушылардың шеберлігін шыңдайтын маңызды алаңға айналып отыр.

ӘУЕСҚОЙ ДИЗАЙНЕРЛЕР БАЙҚАУЫ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Аталған байқауға ауылдық округтерден келген 8 әуесқой дизайнер қатысып, өзара бақ сынады. Сән өлеміне қызығушылық танытқан тігіншілер көрерменге ерекше әсер сыйлап, әрқайсысы өзіндік қолтаңбасын паш етті.

Байқау бірнеше кезең бойынша ұйымдастырылды. Қатысушылар алдымен бейнетаныстырылым ұсынып, кейін сәндік киімдер шеруінде өз топтамаларын көрсетті. Ал үй тапсырмасы кезеңінде дизайнерлер тың идеяларымен ерекшеленіп шығармашылық ізденістерін айқын байқатты. Қатысушылар бірінен-бірі асып түсетін киім үлгілерін ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша, I орынды Әуезов кентінен келген Самал Рабиева жеңіп алды. II орынды Қалбатау ауылының тұрғыны Мая Байсейітова мен Үшбик ауылынан келген Ақмарал Омарова иеленді. Ал III орын Шар қаласынан Назерке Әбішева мен Қалбатау ауылынан Медиқан Көйшанқызына бұйырды.

Қатысушыларға сонымен қатар арнайы номинациялар да табысталды. «Еу үздік топтама» аталымы Белтерек ауылынан келген Айжан Сибанбаеваға, «Заманауи стиль шебері» атағы Назерке Әбішеваға бұйырды. «Шабыт



шебері» номинациясы Рахат Аманұрға табысталса, «Сән өлемінің үздігі» аталымы Үшбик ауылынан қатысқан Алтын апа Уалхановаға берілді.

Осындай игі бастамалар әуесқой дизайнерлердің шығармашылық өлеуетін арттырып, ұлттық сән өнерінің дамуына серпін беретіні сөзсіз. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, талантты жастарға қолдау көрсетуді көздеп отыр.



ЖАҢАСЕМЕЙ

АУЫСПАЛЫ КУБОКҚА ИЕ БОЛДЫ

Достық ауылдық округінде өткен волейбол турнирінде Түркісіб мектебінің оқушылары ауыспалы кубокқа ие болды.

Әйелдер және оқушылар арасында өткен спорт жарысы ауыл жастары мен тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқаралық спортты дамытуға бағытталды.

Жарыс жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар тартысты ойын өрнегін көрсетті. Әр команда алаңда бар күш-жігерін салып, жеңіске деген ұмтылысын танытты.

Турнир қорытындысы бойынша, I орынды Түркісіб мектеп оқушылары иеленсе, II орын Біржан Исәділов атындағы мектеп оқушылары қанжығаларына байлады. Ал III орынды «Түркісіб-1» әйелдер командасы жеңіп алды.

КӨКПЕКТІ

ЖЕТИГЕН СЫЙҒА ТАРТТЫ

Көкпекті ауданындағы Оқушылар шығармашылық сарайының тәрбиеленушісі Зарина Аслановаға ұлттық аспап – жетіген сыйға тартылды.

Бұл – белгілі қолөнер шебері, «Домбыра – мұра» ұлттық аспаптар жасау орталығының директоры Болат Мұратбектің жасаған тартуы. Жетігенді жас өнерпазға Болат Мұратбек өз қолымен табыс етті. Құрметті қонақ шығармашылық сарайының оқушыларына ізгі тілегін жеткізіп, жас дарындар республикалық, халықаралық өнер сайыстарында топ жарып шығатынына сенім білдірді.

Аудан басшылығы өнерлі жасқа қолдау білдіргені үшін Болат Мұратбекке алғыс айтып, шебердің ұлттық мәдениетті дәріптеу жолындағы еңбегіне табыс тіледі.

СҰЛУЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Көкпекті ауданында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Толағай сұлуы – 2026» байқауы өтті.

Байқауға қатысқан арулар 5 кезең бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Келбеті мен өнері келіскен сұлулар әуелетіп ән айтып, өлең оқып, тапқырлықтарын көрерменді тамсандырды.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдені Көкпекті орта мектебінен қатысқан Ақна Мұралбекқызы жеңіп алды. I орын Көкжайық ауылынан келген қатысушы Балжан Қасымқановаға, II орын Шәріптоғай ауылынан қатысқан Ләззат Сейтқановаға берілді. III орынды Тассай ауылынан келген Диана Алпысова иеленді.

СЕМЕЙ

САРБАЗДАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Семейдегі темір жол вокзалында Талдықорған қаласының 18 404 әскери бөлімінде мерзімді қызметін өткерген сарбаздарды қарсы алу рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шараны Абай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті ұйымдастырды.

Туған жеріне аман-есен оралған 15 сарбазды туыстары мен достары қарсы алды. Қарулы Күштердің ардагерлері, интернационалист жауынгерлер және жастар ұйымдарының өкілдері сарбаздарды қызметтің сәтті аяқталуымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

ҮРЖАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАДА ТОП ЖАРДЫ

Үржар ауданындағы Б.Момышұлы атындағы мектептің оқушысы Бекарыс Құдайбергенов дзюдо күресінен кадеттер арасында өткен Еуропа кубогы турнирінде жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін асқақтатты.

Ганджа қаласында өткен халықаралық додада 50 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен жас спортшы алтын медальға қол жеткізді. Халықаралық деңгейдегі бәсекеде осындай жетістікке жету – үлкен мақтаншы.

Жас спортшының жетістікке жетуінде бапкері Талғат Тұрсынның еңбегі зор. Білікті жаттықтырушының бағыт-бағдары мен қолдауы шәкіртінің биік белестерді бағындыруына септігін тигізді.

Бекарыс алдағы уақытта еліміздің көк туын әлем аренасында желбірететініне сенім мол.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Үржар ауданында дала өрттерінің алдын алу мақсатында жергілікті атқарушы орган, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі және «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері бірлесіп рейдтік-профилактикалық шаралар ұйымдастырды.

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаевтың тапсырмасына сәйкес өткен іс-шара барысында жергілікті тұрғындар мен шаруа қожалық иелеріне өрттің пайда болу себептері, оның адам өміріне, жан-жануарлар мен қоршаған ортаға тигізетін зияны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мұндай алдын алу шаралары табиғатты қорғау мен төтенше жағдайларды алдын алуда аса маңызды. Кез келген салғырттық қауіпті жағдай тудыруы мүмкін. Мамандар аудан тұрғындарына өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Үржар ауданы әкімдігінде мектеп бітіруші түлектерге арналған Ашық есік күні өтті.

Іс-шара барысында Үржар ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі Майра Бапинова, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мадина Ақабаева, Үржар ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы Мейірман Шоқабәев оқушыларға мемлекеттік қызметтің қыр-сыры мен халыққа қызмет етудің маңызы туралы жан-жақты ақпарат берді.

Жастар мемлекеттік қызметтің ерекшелігі, адалдық, жауапкершілік, ашықтық және заңға құрмет секілді әділетті қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын нығайтуға ықпал ететін басты құндылықтар туралы кеңінен мағлұмат алды.



Шара барысында журналистер өңірдегі бірқатар медициналық мекемені аралап, олардың материалдық-техникалық базасымен, қызмет көрсету сапасымен және пациенттерді қабылдау үрдісімен танысты. БАҚ өкілдері тіркеу бөлімінен бастап жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету сатысына дейінгі барлық кезеңдегі жұмыс барысын өз көздерімен көрді.

Баспасөз туры аясында журналистер бет бұрған алғашқы нысан Семей қаласындағы №7 емхана болды.

Бүгінде мұнда 34 мыңнан астам адам тіркелген. Қабылдау 30 бағыт бойынша жүргізіледі.

Емхана – өңірдегі ірі амбулаториялық-емханалық ұйымдардың бірі. Мұнда консультативтік-диагностикалық бөлімдер, учаскелік қызмет, күндізгі стационар, оңалту бөлімі, функционалдық диагностика қызметі жұмыс істейді. Сонымен қатар УДЗ, КТ, МРТ сияқты жоғары технологиялық тексерулер жүргізіледі.

Жоспар бойынша емхана бір ауысымда 430 адам қабылдауға тиіс болса, іс жүзінде бұл көрсеткіш 800-ден асып отыр. Бұл тұрғындар тарапынан сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Ең маңыздысы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тұрғындар қымбат тексерулерді тегін өте алады. Ол үшін қажетті құжаттар мен сақтандыру мәртебесі болуы тиіс.

– Жыл сайын емхана аумақтағы 40-тан астам медициналық ұйыммен қосалқы мердігерлік келісімшарттар жасайды. Мекеме қызметі пациентке бағытталған қағидатқа негізделіп, алғашқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) деңгейінде профилактикалық жұмыстарды «алтын стандарт» ретінде тиімді жүзеге асырады.

Емхананың негізгі стратегиялық мақсаттары – медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, пациентке бағдарланған көмек жүйесін қалыптастыру, өңірдегі жетекші медициналық ұйымға айналу, басқару тиімділігін күшейту, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, ресурстарды ұтымды пайдалану, кадрлық әлеуетті дамыту және халықаралық стандарттарға сай білікті мамандар ұжымын қалыптастыру.

Қазіргі таңда онкологиялық аурулар, қан айналымы жүйесі дерттері және өлім-жітім көрсеткіштері тұрақты деңгейде.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті қолжетімді ету мақсатында емхана базасында жылжымалы медициналық кешендер жұмыс істейді. Олардың көмегімен шалғай ауылдағы тұрғындар тексеруден өтеді.

– Мекемеде цифрлық технологиялар кеңінен енгізілген. Соның нәтижесінде дәрігерге жазылу процесі жеңілдеп, кезек күту уақыты айтарлықтай қысқарған. Емхана толықтай заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда магнитті-резонанстық томография, компьютерлік томография, рентген, ультрадыбыстық және эндоскопиялық зерттеулер, сондай-ақ зертханалық диагностика (ПЦР, ИФА және басқа да талдаулар) жүргізіледі, – дейді Семей қаласындағы №7 емхананың басшысы Райхан Ахметқалиева.

Баспасөз турының келесі нысаны Абай облысы Денсаулық сақтау басқармасының Семей қаласының №1 емханасы болды. Келесі жылы 50 жылдық мерейтойын атап өтетін бұл мекеме өңірдегі ең көне әрі ірі медициналық

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТІ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ МЕ?

Өңірімізде денсаулық сақтау жүйесі кезең-кезеңімен жетілдіріліп, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі артып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстарды халыққа кеңінен таныстыру мақсатында облыстық Денсаулық сақтау басқармасы өңірлік коммуникациялар қызметімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап баспасөз туры ұйымдастырды.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañu»



ұйымдардың бірі саналады. Қазіргі таңда мұнда 38 мыңнан астам адам тіркелген, ал емхана бір ауысымда 750 адамға дейін қабылдай алады.

Мекемеде ерекшелік мен балаларға арналған кешенді медициналық қызмет көрсетіледі. Оның ішінде отбасылық денсаулық орталығы, «Жас өмір» жастар денсаулық орталығы, жалпы практика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімдері, өйелдер консультациясы, амбулаториялық хирургия орталығы, педиатрия, күндізгі стационар, оңалту және функционалдық диагностика бөлімдері жұмыс істейді.

Мекеме басшылығының айтуынша, соңғы жылдары емханада ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ жаңа аппараттардың алынуы халыққа көрсетілетін қызмет сапасын айтарлықтай арттырған. Тіркеу бөлімі заманауи талаптарға сай жабдықталып, QR-кодтар арқылы қажетті апарат алу мүмкіндігі енгізілген. Үш тіркеуші тұрақты жұмыс істейді, ал науқастар саны артаған жағдайда қосымша мамандар тартылады.

– Емхана толықтай заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Флюорография және зама-

науи жоғары технологиялық жабдықтар бар: GeneXpert, фиброскан, рентгендік маммограф, рентгенологиялық, ультратрадыбыстық, эндоскопиялық зерттеу аппараттары, ЭХО-кардиограф, ЭКГ аппараттары, ЭКГ мен артериялық қысымды тәуліктік мониторингін жасайтын аппараттар, сондай-ақ зертханалық диагностика (жалпы клиникалық, биохимиялық, иммуноферменттік, иммунохемилюминесценттік талдау) компьютерлік жүйелер арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ аурулардың алдын алу (скрининг), ерте анықтау, емдеу және оңалту мақсатында жоғары білікті медициналық көмек көрсетіледі, – деді емхана басшысы Анатолий Ахунжанов.

Пациенттерге қолайлы жағдай жасау мақсатында бірінші қабатта қолдау қызметі ұйымдастырылған. Мұнда бөлім меңгерушілері мен аға медбикелер кезекшілік атқарады. Нәтижесінде тұрғындардың өтініштері 30 пайызға артынып, олардың басым бөлігі медицина қызметкерлеріне білдірілген алғыс екені байқалады.

Емхананың басты ерекшеліктерінің бірі – даму және ерте араласу орталығы. Мұнда сәбилердің өсу, сөйлеу қабілеті мен дамуындағы ауытқуларды

ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік бар. Аудиологиялық тексеру кабинеті бөлек орналасқан, себебі мұндай зерттеулер үшін тыныштық аса маңызды. Бұл – өңірдегі сирек тәжірибелердің бірі.

Журналистер бұл күні Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының Жедел медициналық жәрдем ауруханасының жұмысымен де танысты. Бұл мекеме – тәулік бойы шұғыл көмек көрсететін маңызды орталықтардың бірі.

Журналистер жедел жәрдем қызметінің ұйымдастырылуы, науқастарды қабылдау және оларға жедел түрде көмек көрсету процесімен және аурухананың жабдықтауымен және қызмет түрлерімен танысты.

Мұнда науқастарды қабылдау, шұғыл көмек көрсету және ота жасау процестері толық көрсетілді. Заманауи медициналық құрал-жабдықтардың арқасында дәрігерлер күрделі оталарды дер кезінде жасап, адам өмірін сақтап қалу мүмкіндігін арттырып отыр.

Осы жерде Абай облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Талғат Молдабаев БАҚ өкілдеріне қысқаша сұхбат берді.

– Бүгінде облыста мемлекеттік, жеке және ведомстволық секторларды қамти-

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жұқпалы аурулардың алдын алудағы иммунопрофилактиканың ролі» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті. Оған Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Семей қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Шыңғыз Чокушев пен Семей қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Динара Бексұлтанқызы қатысып, тақырып төңірегінде баяндама жасады.

АУРУДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañu»

Жалпы жаһандық ұтқырлық және жаңа инфекциялық қауіптің пайда болуы жағдайында иммунопрофилактика — халықты жұқпалы аурулардан қорғаудың тиімді және ғылыми дәлелденген әдісі, әрі ерекше маңызға ие. Иммунопрофилактика – бұл ең алдымен вакцинация арқылы жасанды иммунитетті дамыту арқылы жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған шаралар жүйесі болып табылады. Сондай-ақ иммунопрофилактика қазіргі медицина мен денсаулық сақтаудағы ең тиімді тәсілдердің бірі. Бұл ауруды азайтуға, эпидемиялардың алдын алуға және инфекциялардан болатын өлімді айтарлықтай азайтуға көмектеседі.

– 2025 жылға Семей қаласы бойынша перзентханада жаңа туған нәрестелер арасында туберкулезге қарсы профилактикалық екпемен қамту көрсеткіші 94,7 пайыз, В вирустық гепатитіне қарсы 95,2 пайызды құрады. Ал, 1 жасқа дейінгі балаларды көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, гемофилді инфекциясымен қамту 79,9 пайызды, пневмококк инфекциясымен – 80,2 пайызды, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротитпен – 81,6 пайызды, адам папилломасынан 11-13 жас қыздар арасында 46,7 пайызды құрады. Бұл екпемен қамтудың жеткілікті медициналық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және психологиялық факторлардың, негізгі медициналық босатулардың, халықтың көші-қонының, халықтың жеке сеніміне байланысты екпеден бас тартуының – 85,7%, вакцинаға сенімсіздік – 14,2% көрсеткішін құрап отыр. Вакцинацияның арқасында адамзат шешек сияқты ауруларды жоюға мүмкіндік алады, сонымен қатар қызылша, дифтерия және полиомиелиттің таралуын айтарлықтай азайтты, – дейді Шыңғыз Чокушев.

Қазіргі уақытта вакцинация денсаулық сақтау саласындағы ең сәтті шаралардың бірі ретінде танылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, вакцинация жыл сайын бүкіл өлемде миллиондаған аурулардың алдын алады және адам өмірін сақтайды. Сонымен қатар балалық шақтағы иммунзацияға ерекше назар аударылады, өйткені ерте жаста организмнің қорғаныс күші қалыптасады. Иммунологиялық препараттар - вакциналар, анатоксиндер, иммуноглобулиндер және басқа препараттар - жұқпалы ауруларға

арнайы иммунитетті құруға арналған.

– Белсенді иммунитет – бұл өз антиденелерін өндіруді ынталандыру және «иммунологиялық жадыны» қалыптастыру үшін антигендер енгізу. Туберкулезге, дифтерияға, сіреспеге, көкжөтелге, қызылшаға, А және В вирустық гепатиттеріне, пневмококк инфекциясына және т.б. қарсы жоспарлы және эпидемиологиялық көрсетілген вакцинациялар. Пассивті иммунитет - бұл жаракаттан, үсіктен, сіреспеден, кене және жануарлардың шағуынан кейін шұғыл қорғаныс үшін дайын антиденелерді (иммуноглобулиндер, сарысулар) енгізу дейді спикер өз сөзінде.

Осы орайда қазіргі заманғы вакциналар сапа мен қауіпсіздіктің қатаң бақылауынан өтетінін атап өткен жөн. Олар халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және үнемі мамандардың тексеруінен өтеді. Қазақстан Республикасының мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған, мамандандырылған зертханалық тексеруден өткен және сапасына кепілдік берілген вакциналар ғана сатып алынады.

– Көптеген елдерде вакцинация кестелерін, қауіп топтарын және инфекциялар тізімін анықтайтын міндетті вакцинация кестесі бар. Қазақстан Республикасында егулер ұлттық күнтізбесі бойынша емдеу және оқу орындарында арнайы жабдықталған екпе кабинеттерінде жүргізіледі. Егер анасы барлық инфекциялардан қорғалған болса, ол плацентарлық арқылы нәрестеге арнайы антиденелерді береді. Бұл антиденелер нәрестені өмірдің алғашқы айларында қауіпті инфекциялардан қорғайды. Алайда үш айдан бес айға дейін дифтерия, сіреспе және басқа аурулардан қорғайтын антиденелер нашарлай бастайды. 12 айға қарай қызылшадан қорғайтын антиденелер де таусылады. Сондықтан, дәл осы жастан бастап вакцинация арқылы қорғаныс құрылысын бастау керек. Осы уақытқа дейін ананың антиденелері нашарлаған кезде, нәрестенің өзіндік қорғанысы болады. Жанамас есерлер еддетте жеңіл және қысқа мерзімді, мысалы, дене қызуы көтерілуі, инфекция орнында қызару. Балаңыздың вакцинацияны жақсы көретініне көз жеткізу үшін вакцинациядан 5 күн бұрын басқа адамдармен жиі байланыста болмаңыз. Балаңызды адам көп жиналатын жерлерге (базарларға, супермаркеттерге және т.б.) апарудан және адамдар көп жиналатын көліктермен саяхаттаудан аулақ болыңыз. Вакцинация кезеңін-

тын 63 денсаулық сақтау ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 33-і – мемлекеттік, 29-ы – жеке медициналық мекеме, 1-еуі – республикалық ұйым.

І тоқсанның қорытындысы бойынша, амбулаториялық жағдайда күндізгі стационар көмегімен 8 861 науқас алса, 33 мыңнаана астам адам стационарлық ем алған.

Халық денсаулығы көрсеткіштеріне келсек, жұқпалы аурулар бойынша 5 762 жағдай тіркелді. Созылмалы ауруларды ерте анықтауға бағытталған скрининг нәтижесінде (қант диабеті, гипертония, жүрек-қан тамырлары аурулары) 36 336 адам тексеруден өтіп, 1 550 науқаста ауру белгілері анықталды. Олар диспансерлік есепке алынып, қажетті ем тағайындалды.

Бала өлімі көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,7 пайызға төмендеді. Ал 1 жасқа дейінгі балалардың өлім көрсеткіші де 6,8 пайыздан 4,7 пайызға дейін азайды.

Өңірде халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Барлық медициналық ұйымдарда электрондық денсаулық паспорты жүйесі толық енгізілген. Шалғай елді мекен тұрғындарына телемедицина қызметтері көрсетілуде.

Ауылдық денсаулық сақтауды дамыту мақсатында 65 жаңа медициналық нысан салынған. Сонымен қатар Аягөз және Үржар аудандарында ірі медициналық жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Жалпы, 2026 жылдың I тоқсанында облыстың денсаулық сақтау саласы жоспарланған міндеттерді уақтылы орындап, алдын алу шараларын жүйелі жүзеге асыруда, – деді басқарма басшысы Талғат Молдабаев.

Келесі кезекте БАҚ өкілдері Семей медицина университетінің университеттік госпиталінде болды. Бұл мекеме - тек емдеу орны ғана емес, сонымен қатар болашақ дәрігерлерді даярлайтын және ғылыми зерттеулер жүргізетін орталық.

Мұнда балаларға арналған 150 төсек-орын қарастырылған. Оның ішінде педиатриялық бағыттағы бөлімшеде гематология, онкология, эндокринология, кардиология, гастроэнтерология, ревматология, нефрология, паллиативтік көмек, токсикология және жалпы соматикалық бағыттар бойынша 47 төсек қарастырылған.

Сонымен қатар мекемеде неврология, балалар хирургиясы, балалар травматологиясы, отоларингология, жақ-бет хирургиясы, сондай-ақ анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері жұмыс істейді, – деді Семей қаласының медициналық университеті университеттік ауруханасы директорының балалар ісі жөніндегі орынбасары Дулат Каримов.

Абай облысында денсаулық сақтау жүйесі қолжетімділік, сапа және жеделдік қағидаттарына негізделіп дамып келеді. Тіркеу бөлімінен бастап жоғары технологиялық тексерулерден өтуге дейінгі әрбір кезең мұқият ойластырылып, нақты нәтижеге бағытталған.

Медициналық басты міндеттерінің бірі – тек емдеу ғана емес, сонымен қатар аурулардың алдын алу. Сондықтан профилактиканы дамыту, ерте диагностика және пациенттермен ашық диалог орнату медициналық ұйымдар жұмысының негізгі басымдығы болып қала берді.

ИНФАРКТ ЖӘНЕ ИНСУЛЬТ: ӨЛІМ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕДІ

Қазақстанда кардиологиялық қызметтің дамуы инфаркттан болатын өлімді төмендетуге және инсульт кезінде стационарлық өлімді айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

Елде инсульт орталықтарымен және коронарография бөлімшелерімен толық қамту қамтамасыз етілген. Жүрекке жасалатын жоғары технологиялық операциялардың саны артты.

Бұл инфаркттан болатын өлімді 3,2%-ға, ал инсульттан болатын стационарлық өлімді 25%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Ми қан айналымы бұзылыстарының (инсульттердің) профилактикасы мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде 50 жастан асқан ер адамдардың арасында 2 жылда 1 рет брахиоцефалиялық тамырлардың ультратрадыбыстық зерттеуін жүргізу арқылы скрининг енгізілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан инфекциялық емес аурулардан болатын өлімді 25%-ға төмендету көрсеткішінің қол жеткізген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңіріндегі алғашқы он елдің қатарына кірді.

ҚАЗАҚСТАН: ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ – 75,9 ЖАС

1991 жылдан бастап 2025 жылды қоса алғандағы кезеңдегі демографиялық деректерді талдау халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулық жағдайында түбегейлі өзгерістер болғанын көрсетеді. Қазақстандықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы (КӨҰ) 75,97 жасқа жетіп, тәуелсіз мемлекеттің тарихындағы абсолютті рекордты құрады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, 1991 жылы, КӨҰ орташа көрсеткіші 67,6 жасты (2001 жыл – 65,6, 2011 жыл – 68,98, 2021 жыл – 70,23) құрады. Осылайша, үш жарым онжылдық ішінде ел азаматтарының орташа өмір сүру ұзақтығы 8 жылдан астам уақытқа артты.

Өмір сүру ұзақтығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – инфекциялық емес аурулармен (ИЕА) күрес бойынша іске асырылып жатқан шаралар.

2025 жылы Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірінде инфекциялық емес аурулардан болатын өлімді 25%-ға төмендеткен елдердің алғашқы ондығына енді. Бұл көрсеткіш ДДҰ-ның Еуропалық жұмыс бағдарламасының нысаналы индикаторы болып табылады.

Оң динамика денсаулық сақтау жүйесін дамыту, халықтың өмір сапасын жақсарту және өлімді төмендету бойынша мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін айғақтайды.

Қазақстан Үкіметі 2029 жылға дейінгі денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде елдегі күтілетін өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу жөнінде өріш мақсат қойып отыр.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі



ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА БЕРУ ТӘРТІБІ

Ветеринариялық анықтаманы беру тәртібі «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен айқындалады. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны электрондық және қағаз түрінде. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - ветеринариялық анықтама беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан төлем алынбайды, мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Аталған мемлекеттік қызметті жергілікті атқарушы органдар құрған ветеринариялық ұйымдар көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 1 (бір) жұмыс күні ішінде. Көрсетілетін қызметті беруші, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мерекелік күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұсы үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін қызмет көрсете алады. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелік күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс

ӘДІЛЕТ КЕҢЕС БЕРЕДІ

СОТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ – ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Азаматтармен жұмыс тәжірибесі қоғамда сот жүйесінің қызметі, оның тәуелсіздігі және сот актілерін қайта қарау тәртібі туралы түсініктің жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Көп жағдайда азаматтар мемлекеттік органдардан олардың құзыретіне кірмейтін әрекеттерді күтеді. Атап айтқанда, сот шешіміне ықпал ету, істі қайта қарауды ұйымдастыру немесе судьялардың әрекетіне түсініктеме беру сынды өтініштермен хабарласады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Сот билігі тәуелсіз және әділ сот төрелігін жүзеге асыру тек соттардың құзыретіне жатады. Судьялар өз қызметінде тек заңға бағынады, ал сот жұмысына қандай да бір араласуға жол берілмейді.

Әрбір азамат сот арқылы өз құқығын қорғауға құқылы. Бұл құқық сот актілерін қайта қарау мүмкіндігін де қамтиды. Алайда ол тек заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және шешімнің міндетті түрде өзгертілуін білдірмейді.

Сот актілерін қайта қарау бірнеше рәсім арқылы жүргізіледі: апелляциялық

шағым – шешім заңды күшіне енбей тұрып беріледі; кассациялық шағым – күшіне енген шешімдердің заңдылығын тексеруге бағытталған; сондай-ақ жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау тәртібі қарастырылған. Бұл рәсімдердің барлығы тек соттардың құзыретіне жатады. Прокуратура органдары наразылық енгізе алады, бірақ сот шешімін өз бетінше өзгерте алмайды.

Мемлекеттік органдардың соттарға ықпал етуге немесе сот актілерін қайта қарауға құқығы жоқ. Олардың негізгі міндеті – азаматтарға заңда көзделген құқықтық мүмкіндіктерді түсіндіру, атап айтқанда шағым беру тәртібі мен мерзімдерін көрсету.

Сондықтан азаматтар тарапынан қойылатын мұндай сұрақтарға нақты жауап беру маңызды. Сот шешімін өзгерту немесе істі қайта қарау тек сот арқылы және белгіленген процессуалдық тәртіппен жүзеге асырылады.

Соттың тәуелсіздігі – азаматтардың құқықтарын қорғаудың басты кепілі. Құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қоғамның құқықтық сауаттылығын арттырып, сот жүйесіне деген сенімді нығайтады.

**С.ТӨЛЕУБЕК,
Абай облысы
Әділет департаментінің
баспасөз хатшысы**



БЖЗҚ
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННИЙ ФОНД

Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларында айқындалған тәртіппен ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2026 жылғы наурыздан бастап БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары бар, бұрын 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу туралы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінбеген зейнеткерлік жасқа толған тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тағайындау тәртібі енгізілді.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің өтінішсіз тәртібі (олар болған жағдайда) келесін көздейді:

- ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ тарапынан автоматты түрде тағайындау Мемлекеттік корпорацияға белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнеткерлік жасына жетуіне байланысты төлемдер алуға өтінішпен жүгінген кезде;
- проактивті қызмет шеңберінде ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру Мемлекеттік корпорациямен жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы үкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болған кезде.

Өтінішсіз тәртіп зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне бірыңғай тәсілді белгілеу мақсатында қабылданды. Жаңашылдық ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін онтайындырады және жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына жеткен, бұрын БЖЗҚ-ға 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды төлеу үшін жүгінбеген адамдардың ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының талап етілмеу тәуекелін жоюды.

Егер ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы – 828588 теңге (12*69049)), бір реттік төлем ретінде жасалады немесе ай сайынғы кесте бойынша таусылғанға дейін жарналардың міндетті түрлерімен бірге жүзеге асырылады. Алайда алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлем шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгіне алады.

Естеріңізге сала кетейік, 50 жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында, сондай-ақ Қор кеңсесінде ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға БЖЗҚ-ға өтініш бере алады.

ЕЗЖ есебінен төлемдер алу тәртібі туралы толық ақпаратпен БЖЗҚ сайтында «қызметтер»/ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «НПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілгенге сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді; «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«KAZNEDRAGOLD» ЖШС «Абай облысының «Чарск» учаскесінде 6 блок: «: М-44-91-(10g-5a-12); М-44-91-(10g-5a-13); М-44-91-(10g-5a-17); М-44-91-(10g-5a-18); М-44-91-(10g-5a-22); М-44-91-(10g-5a-23)» шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» ықтимал әсерлері туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Чарск» учаскесі Қазақстан Республикасының Абай облысы Жарма ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Көшек ауылы «Чарск» учаскесінен шығысқа қарай 14,5 км жерде. «Чарск» учаскесінің ауданы -13,45 км2.

Учаскесінің географиялық координаттары: 1. 81° 01' 00"ш.б. 49° 28' 00"с.е., 2. 81° 03' 00"ш.б. 49° 28' 00"с.е., 3. 81° 03' 00"ш.б. 49° 25' 00"с.е., 4. 81° 01' 00"ш.б. 49° 25' 00"с.е.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 19.05.2026 ж., 10:00, Абай облысы, Жарма ауданы, Көшек ауылы, 1 квартал, 28-ғимарат, Көшек негізгі мектебі, акт залы.

Бейнеконференция сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/87883271789?pwd=IXRahBtG6mM6o4ciVanmuWQxWafGx6.1>

Конференция идентификаторы: 878 8327 1789
Кіру коды: 038900

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbcology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Абай облысы бойынша экология департаменті. 070000, Семей қ., Бауыржан Момышұлы көшесі, 19 А, телефон - 8 (7222) 52 32 78, сайт - <https://abaiobl-ecoder@ecogeo.gov.kz>

Тапсырыс беруші: «KAZNEDRAGOLD» ЖШС, 010000, ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12-үй, 406. БИН 251140015143

Өзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, «Меруерт Тау» БО, оф.302, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070000, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі 30, email – urprgr.abay@akimatabai.gov.kz, телефон - 8(7222) 35-44-32.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Вести Семей» басылымында, «Қазақстан» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ мектептің хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«KAZNEDRAGOLD» ЖШС «Абай облысының «Чарск» учаскесінде 6 блок шегінде: «: М-44-91-(10g-5a-12); М-44-91-(10g-5a-13); М-44-91-(10g-5a-17); М-44-91-(10g-5a-18); М-44-91-(10g-5a-22); М-44-91-(10g-5a-23)» жобаға әсер ету үшін экологиялық рұқсат алу үшін материалдарға (ӨЗБ, ҚББ, РЕШН, ҚОҚЖ) қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Чарск» учаскесі Қазақстан Республикасының Абай облысы Жарма ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Көшек ауылы «Чарск» учаскесінен шығысқа қарай 14,5 км жерде. «Чарск» учаскесінің ауданы -13,45 км2.

Учаскесінің географиялық координаттары: 1. 81° 01' 00"ш.б. 49° 28' 00"с.е., 2. 81° 03' 00"ш.б. 49° 28' 00"с.е., 3. 81° 03' 00"ш.б. 49° 25' 00"с.е., 4. 81° 01' 00"ш.б. 49° 25' 00"с.е.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 19.05.2026 ж., сағ. 11:00, Абай облысы, Жарма ауданы, Көшек ауылы, 1 квартал, 28-ғимарат, Көшек негізгі мектебі, акт залы.

Бейнеконференция сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/82649724518?pwd=cOfAyYnNtUCavaySzO2ogceghm723i.1>

Конференция идентификаторы: 826 4972 4518
Кіру коды: 838154

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbcology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Абай облысы бойынша экология департаменті. 070000, Семей қ., Бауыржан Момышұлы көшесі, 19 А, телефон - 8 (7222) 52 32 78, сайт - <https://abaiobl-ecoder@ecogeo.gov.kz>

Тапсырыс беруші: «KAZNEDRAGOLD» ЖШС, 010000, ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12-үй, 406. БИН 251140015143

Өзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт Тау» БО, оф.302, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070000, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, email – urprgr.abay@akimatabai.gov.kz, телефон - 8(7222) 35-44-32.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Вести Семей» басылымында, «Қазақстан» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ мектептің хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Қалбатау-Майқапшағай» автожолының 906-1321 км-ін қайта жаңарту кезінде пайдаланылатын Абай облысының Жарма (№№3-8, Қалбатау-ПГС, Николаевка-КГС), Көкпекті (№№9-10, Ажы-камень, 13-21) және Ақсуат (22) аудандарында орналасқан 21 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

1) 14.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Жарма ауданы, Қаратөбе а.о., Кеңтарлау а., Сәтпаев к-сі, 32 мекенжайы бойынша орналасқан «Шар негізгі мектебі» КММ-де.

2) 14.05.2026 ж., сағат 15:00-де, Абай облысы, Көкпекті ауданы, Көкпекті а.о., Көкпекті а., Шериаздан к-сі, 61 мекенжайында.

3) 15.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ырғызбай а.о., Жантөкей а., Бейбітшілік

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Бақты-Аягөз» (қолданыстағы «Семей-Ақтоғай» теміржол учаскесіне Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасында үшінші теміржол өткелін салу) теміржол желісі құрылысына пайдаланылатын Абай облысы Үржар ауданында орналасқан 21 учаскеде («км 70», «км 77», «км 83», «км 87», «км 92», «км 99», «км 105», «км 110», «км 119», «км 124», «км 129», «км 134», «км 144», «км 148», «км 158», «км 164», «км 168», «км 176», «км 184», «км 194», «км 204») кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

1) 12.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Үржар ауданы, Шолпан а.о., Шолпан а., Абай к-сі, 36А мекенжайындағы әкімдік ғимаратында.

2) 12.05.2026 ж., сағат 15:00-де, Абай облысы, Үржар ауданы, Елтай а.о., Елтай а., Бұхар к-сі, 94 мекенжайындағы Мәдениет үйі ғимаратында.

3) 13.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Үржар ауданы, Науалы а.о., Науалы а., Бұхар-Жырау к-сі,

МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР ҮЧАСКЕЛЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ (САТЫП АЛУ) ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы Семей қаласындағы Шугаев және Ақ. Сәтпаев көшелерінің қиылысында ер түрлі деңгейдегі көлік жол айрығын реконструкциялау үшін, Семей қаласы, Гагарин көшесі, 270 А, 270 Б, 270 В мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,2403 га жер учаскелері

2026 жылғы 31 наурыздан бастап 2027 жылғы 31 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен, қосымшаға сәйкес иеліктен шығарылысын.

2. «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде меншік иелері мен жер пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында көзделген жер учаскелерін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін алдағы уақыттағы мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама жіберсін.

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініш беретін орны Семей қаласы, Абай көшесі, 97 мекенжайы бойынша орналасқан «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ болып белгіленсін.

4. Қаржыландыру және осы қау-

лығын орындауына жауапкершілік «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

5. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Семей қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісу рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

6. «Абай облысы Семей қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

7. Әкімдік қаулысының орындауын бақылау қала әкімінің орынбасары Ержан Хамитович Тлеужановқа жүктелсін.

Семей қаласының әкімі

А. КОЖАНБАЕВ



ЖАН АЙНАСЫ

ЖАҚСЫНЫ КӨРЕ БІЛУ –
ЖАРЫҚҚА ҰМТЫЛУ

Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,
Жақсы адамдар бар екен, сүйіп өтем.
Жамандарды іздемен, өзі-ақ табылар,
Жақсыларды табың қиын екен...

Мұқағали МАҚАТАЕВ

ОЙЛАНУҒА БІР
МИНУТ БӨЛІҢІЗ...

НОҚАТТЫҢ ПАЙДАСЫ

Бұршақ ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартады және метаболизмді қалыпқа келтіреді.

Бұл бұршақтар емдік қасиеттерге ие, себебі оларда ағзаны тазартатын, зиянды бактерияларды жоюға, іш қатуды бейтараптандыратын және шірік процестерінің дамуына жол бермейтін ерімейтін және еритін диеталық талшықтар бар. Мұның бәрі қатерлі ісіктердің және ішекте онкологиямен байланысты басқа аурулардың даму қаупін азайтады, сонымен қатар адамға дене бітімін сақтауға мүмкіндік береді.

Ноқат диуретикалық әсерінің арқасында денеден қалдықтарды шығарады және өт тастарын ерітеді, бұл көкбауырдың, бауырдың және өт қабының жұмысына оң әсерін тигізе алмайды.

Жүрек-қан тамыр жүйесін нығайтады және жүрек ауруларының алдын алады.

Диетаға ноқатты үнемі қосу арқылы сіз қан ұйығыштығынан, қабынудан, инсульттен және инфаркттен аулақ бола аласыз. Сондай-ақ бұл өнім қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіреді, сондықтан диабеттерге ұсынылады, қан тамырларының қабырғаларын нығайтады, қан қысымын тұрақтандырады және денеден



зиянды холестеринді шығарады. Жүктілік немесе емізу кезінде әйел темір мен қанның көп мөлшерін жоғалтады, ал ноқат бұршақтары әйелдің денесін гемоглобинмен толықтырады, анемия мен темірдің асқынуын болдырмайды, сонымен қатар емізетін аналарда сүт бөлінуін жақсартады.

Ноқат ұны терінің қабынуын, күйді және қышуын емдеуге болатын жақпайларды, сондай-ақ теріні серпінді, жұмсақ және жібектей ететін түрлі бет кремдерін жасау үшін қолданылады.

Ноқатта сояға қарағанда өсімдік протеині көп. Сондықтан оны ораза кезінде және ет жемейтіндер пайдаланады. Сонымен қатар бұршақ адамға қажет ақуыздарға, амин қышқылдарына және көмірсуларға өте бай.

«Riza bol»
ұсынатын кәдесый

Әр орамал —
әйелдің ішкі
әлеміне арналған
үнсіз сыр.
Қорабы мен сөмкесі де
кәдесыйдың мазмұнын
аша түседі.

8 778 929 14 53
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып,
«Riza bol» сауда белгісімен
шыққан жібек орамалдар –
ұлттық болмысты
заманауи нәзіктікпен
тоғыстырған ерекше
кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай»
– сабыр мен сенімнің,
«Көзіңнің қарасы» –
махаббат пен мейірімнің
белгісіндей.



Абай облысы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік) тұрақты тасы-малдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Абай облысының әкімдігі, «Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ тұлғасында 2026 жылдың 8 мамыр күні сағат 10.00-де өтетін маршруттарға қызмет көрсету құқығына конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттар шығарылады:

Лот № 1
Семей – Қалбатау-Жаңғызтөбе, ұзындығы – 191 км

Лот № 2
Семей – Шемонаяха, ұзындығы 125 км

Лот № 3
Семей – Жерновка – Жаңа Шүлбі – Песчанка, ұзындығы – 127 км

Лот № 4
Аягөз – Алматы, ұзындығы – 788 км

Лот № 5
Семей – Өскемен, ұзындығы 218 км

Лот № 6
Семей – Риддер, ұзындығы – 298 км

Лот № 7
Семей – Ескі бекініс, ұзындығы – 17 км

Лот № 8
Семей – Бесқарағай, ұзындығы – 77 км

Лот № 9
Семей – Шульбинск, ұзындығы – 72 км

Лот № 10
Семей – Қайнар, ұзындығы – 275 км

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер «Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нен конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110 мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурсстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылдың 23 сәуір.

6. 2026 жылдың 16 сәуір сағат 10.00-де конкурстық Комиссия конкурс өткізу мәселелері бойынша конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефон: 35-55-14

Бір әннің тарихы

ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚТАН ТУҒАН ӘН

Өнерде де, өмірде де бірге жүретін қос құрбы Мәдина Сәдуақасова мен Қарақат Әбілдина бірлесе орындайтын «Ал құрбым» әні қалың жамағаттың зор ықыласына бөленіп, сүйікті әндердің біріне айналды.



Өнге арқау болған әнші әрі алғашқы орындаушысы Клара Төленбаева



Ән авторы Бағлан Бәбіжан

«Ал құрбым» - шынайы достықтан туған ән. Ән авторы - белгілі әнші-сазгер, өнертанушы Бағлан Бәбіжан. Ал сөзін ақын Несіпбек Айтұлы жазған.

«Ал құрбым» әні шығу тарихына келер болсақ, бұл ән қазақтың күміс кемей әншісі, елді «Жібек сезім» әнімен баураған дәстүрлі әнші Клара Төленбаеваға арналған. Бағлан Бәбіжан мен Клара Төленбаева Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияда білім алып, жатақхананың бір бөлмесінде бірге 2 жыл тұрады. Оқу аяқталған соң, Клара жұмыс бабымен Астанаға қал тарттады. Ал Бағлан Алматыда қалады. Жасына басқа қыздар келеді. Алайда ешқайсысы сазгердің аяулы құрбысы Клараның орнын баса алмайды. Сазгер өзін жалғыз сезініп, құрбысымен бірге өткен қызық пен қиындықтарға толы күндерді еске алып, сағыныштан әннің алғашқы жолдарын дүниеге әкеледі. Кейін әрі қарай жетілдіріп, ән әуені мен сөзін жазады.

Астана қаласына барған кезде құрбысына жолығып, әнді тыңдатады. Клара әнді бірден ұнатады. Дәл сол сәтте қос құрбының бір жыныға қонаққа шақырады. Көпшіліктің ортасында Клара әнді бірнеше мәрте орындап береді. Кейін Бағлан әнді құрбысына тастап, мәтінін қайта қарап шығу керектігін айтып, табыстап кетеді. Клара өзіне таныс

ақын Несіпбек Айтұлына жолығып, ән мәтінін қайта жаздыртады. Араға бір жыл салып Клара Төленбаева «Аламан» тобының әншісі сазгер Медет Салықовқа тұрмысқа шығады. Клараның ұзату тойында Бағлан Бәбіжан әнді жанадан өңдеп, тойға тарту ретінде орындап береді.

2006 жылы Клара Төленбаева Астана қаласында жеке шығармашылық кешін беріп, «Ал құрбым» әнін ішекті аспаптар квартетінің сүйемелдеуімен орындайды. Кейін бұл әнді өзінің ән қоржынына Ұлту Қабаева, Сержан Мұсайын сынды әншілер қосады. 2009 жылы Майра Ілиясова «Достық» тақырыбында концерт ұйымдастырып, барлық әншілерге аталмыш тақырыпта ән салу керектігін айтады. Дәл сол сәтте әнші Қарақаттың ойына «Ал құрбым» әні оралып, Мәдина екеуі ән авторынан әнді орындауға рұқсат алады. Ән авторы өз рұқсатын берген соң, ән қайта өңдеуден өтеді. Ал ақын қайырмасына тағы екі жол тармақтарын қосып береді. Осылай жаңа әрленген «Ал құрбым» әні қос құрбы орындауында көпшілік назарына ұсынылады.

massaget.kz

Қазіргі қоғам қарқынды өзгерістер дәуірін бастан кешіріп отыр. Бұрын тек ғылыми фантастикада кездесетін құбылыстар бүгінде күнделікті тіршіліктің бір бөлігіне айналды. Цифрлық технологиялар барлық салаға еніп, өмір сүру салтымызға, қарым-қатынасқа және жұмыс тәсіліне түбегейлі өзгерістер енгізуде. Бұл өзгерістердің алдыңғы шебінде жасанды интеллект тұрады. Машиналық оқытуға негізделген жүйелер жыл сайын дамып, шапшаң әрі нақты шешім қабылдауға қабілетті бола түсуде. Осы технологияның ықпалы тек өндіріс пен ғылыммен шектелмей, әлеуметтік және мәдени құрылымдарға да әсер етіп келеді. Сондықтан ЖИ-дің бізді қоршаған ортаға қалай ықпал етіп жатқанын түсіну – уақыт талабы.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ӨМІРІМІЗГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТУДЕ

Күнделікті өмірдегі өзгерістер

Жасанды интеллект тұрмыстық жағдайларда көмекші рөлін атқара отырып, біз байқамайтын көп іске араласады. Ол шешім қабылдауға көмектесіп, бағыт таңдауға кеңес береді, кино ұсынады немесе денсаулығымызды бақылауға қатысады.

Тұрмыста қолданылуы

1. Ақылды үй құрылғылары: Дауыс арқылы жарық, температура мен құрылғыларды реттейді, үйді жайлы етеді.

2. Жеке ұсыныстар: Онлайн платформалар қажетті тауар, музыка немесе фильмді ұсынып, уақытты үнемдейді.

3. Қауіпсіздік: ЖИ-мен жабдықталған камералар адамдар мен қозғалысты анықтап, қауіпсіздікті арттырады.

4. Күн тәртібін жоспарлау: Қосымшалар тапсырманы еске салып, тиімді жоспар құрады.


5. Денсаулықты бақылау: Ақылды білезіктер мен сағаттар жүрек соғысы, ұйқы мен белсенділікті бақылайды, ескертулер береді.

ЖИ бірсырынды тапсырмаларды автоматтандырып, адамдарға шығармашылыққа көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Мысалдар:

• Бухгалтерлік есеп пен құжат айналымын автоматтандыру;
• Нарықты және тұтынушы мінезін талдау;
• Мәтін, бейне немесе сурет мазмұнын автоматты түрде жасау;
• Логистика мен өндірісті оңтайландыру;

• Тұтынушыларға техникалық көмек көрсету.
Артықшылықтары
• Дәлдік пен өнімділікті арттады;
• Уақыт үнемделеді;
• Қайталанатын әрекеттер азаяды;



• Дербестендірілген шешімдер мүмкін болады;
• Қызмет көрсету сапасы жақсартады.

Кемшіліктері

• Кейбір салаларда жұмыс орындары азаяуы мүмкін;
• Технология мен желіге тәуелділік артады;
• Деректерді қате түсіндіру қаупі;
• Жеке ақпаратты қорғау мәселелері;

Нақты салалардағы пайдасы
Бірқатар салада ЖИ-дің тиімділігі дәлелденіп, нақты нәтиже беріп отыр. Бұл бағыттарда технология айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Маңызды салалар мыналар:

Медицина. ИИ көмегімен рентген немесе МРТ суреттері талданып, аурулар ерте анықталады. Бұл дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп, диагноз нақтылығын арттырады. Білім беру. Оқушылардың білім деңгейіне бейімделген тапсырмалар мен оқу жоспарлары ұсыныла-

ды. Осылайша білім сапасы жоғарылайды.

Көлік. Жол қозғалысын жеңілдететін және көлікті қауіпсіз ететін навигациялық жүйелер мен автономдандырылған аэротакси әзірленуде. Бұл жол-көлік оқиғаларын азайтады.

Қаржы. ЖИ транзакцияларды талдап, алаяқтық белгілерін анықтай алады және жеке ұсыныстар әзірлейді. Бұл сенімділік деңгейін арттырады.

Экология. Климаттық өзгерістерді болжау, ауаның ластануын бақылау және экологиялық шешімдер қабылдау – ЖИ көмегімен жүзеге асады. Бұл табиғатты қорғауға сеп болады.

ЖИ бұл салаларда нақты пайда әкеліп, адамның рөлін қолдаушы деңгейге көтеріп отыр.

Жасанды интеллектің әлеуеті зор. Ол тұрмыстан өнеркәсіпке дейінгі барлық саланы өзгертіп келеді. Дегенмен оны дұрыс пайдалану, қауіптерді ескеру және этикалық шектеулерді сақтау маңызды. Оны дұрыс бағытта қолдану өзіміздің қолымызда.

Қызықты деректер

• Иттер адамдардың көңіл-күйін иіс арқылы сезе алады.
• Жылқылар бір-бірін мұрындары арқылы таниды.
• Мысықтар қараңғыда адамдардан 6 есе жақсы көре алады.
• Крокодилдер ас қорытуға көмектесу үшін тас жұтады.
• Құстар адамдарға қарағанда жиілігі әлдеқайда жоғары дыбыстарды ести алады.
• Керіктердің тілі көк түсті және ұзындығы 50 сантиметрге жетуі мүмкін.
• Қызылқұйрық ұясын тік жартастарға салады.

• Кит акуласында 3000-нан астам тіс бар.
• Қоңыздар өз салмағынан 850 есе ауыр заттарды көтере алады.
• Сегізаяқтар өздерін қорғау үшін түстерін өзгерте алады.
• Арыстан тәулігіне 20 сағатқа дейін ұйықтайды.
• Қоқиқаз көбінесе бір аяғын көтеріп ұйықтайды.
• Пингвиндер суда 20 минутқа дейін дем алмай жүзеді.
• Кейбір пілдер сурет сала алады. Тұмсығымен қылқалам ұстап, қарапайым суреттерді бейнелейтін жағдайлар тіркелген.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынған

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары –
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АВАИ АИМАҚ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламның дағдысы» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі – 52-36-57; бас редактор – 52-04-75; редактордың орынбасары – 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі – 56-08-03; факс – 52-04-75; бухгалтерия – 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Әйгерім СӨРСЕНҚАЛИ